# SARYARQA

27 тамыз
2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№33 (8245)



КҮН ТӘРТІБІ
ОНЛАЙН ОҚУ: МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІН ҰШТАДЫ 3-бет

АЙНА
ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУ КЕРЕК 4-бет

ЗЕРДЕ
ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА 5-бет

РУХАНИЯТ
НАМАЗ КЕСТЕСІ 6-бет


# КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



## *Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!*

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Еліміздің Негізгі заңы адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылықтар деп жариялады. Бұл – Тәуелсіздіктің іргетасы, Отанымыздың табысты болашағының кепілі. Конституция қабылданған күннен бастап 26 жыл өтті, осы кезеңде ол өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, уақыт сынағынан лайықты өтті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Біздің Басты заңымыз уақыт талабына, азаматтардың өзекті сұраныстарына сай келеді және саяси жүйе мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарды одан әрі эволюциялық жаңғырту үшін қажетті қуатты да жасампаздық әлеуетке ие».

Біз мемлекетіміздің берік конституциялық негіздеріне сүйене отырып, ағымдағы қиындықтарды еңсеріп, прогресс жолымен батыл алға қарай ілгерілей беретінімізге сенімдіміз.

Баршамыз үшін маңызды мерекеде сіздерге бейбітшілік пен жақсылық, табыс пен аманшылық тілеймін! Әрқашан болашаққа сеніміміз мол болып, Отанымыздың өркендей беруіне тілектеспін!

***Мереке құтты болсын, ағайын!***

**Жезқазған қаласының әкімі — Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы — Әбдрахман ДОСАНОВ**

## *Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!*

Баршаңызды шын жүректен Білім күнімен құттықтаймыз!

1 қыркүйек – жаңа оқу жылының басталуымен байланысты мереке. Әр оқу жылы – бүгінде білім алатындар үшін жаңа маңызды кезең. Биылғы жылы біздің оқушылар мен студенттер сыныптар мен аудиторияларда білім алып, мұғалімдермен, достармен кездесу және тікелей қарым-қатынас жасау қуанышын сезінетінін ерекше атап өткіміз келеді. Сондай-ақ қаламызда мектептер 15037 оқушыға есіктерін айқара ашады.

Білім күні – Алғашқы қоңырау мерекесі. Осы жылы мектеп табалдырығын аттайтын 1784 бүлдіршінге ерекше құттықтауымызды жеткіземіз. Олар үшін 1 қыркүйекте алғашқы қоңырау соғылады, олар бірінші және ең маңызды кітап – әліппені ашады. Бұл күн барлық бірінші сынып оқушылары үшін аса қуанышты, одан кейінгі білімге апарар жолдағы күндерінің де қызықты болуына тілектеспіз.

Біздің арнайы құттықтауымыз бен алғысымыз ардақты ұстаздарымызға арналады.

***Құрметті ұстаздар!***

Сіздердің жас ұрпаққа беретін тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге өлшеусіз. Бүгін еккен дәндеріңіз – ертеңгі жеңісті, жемісті күннің кепілі.

Барлық оқушыларға оқуда табандылық пен табыс, үздік бағалар, адал достар, жаңа оқу жылының қызықты және мазмұнды болуын тілейміз. Білім – бұл жарқын болашақ, үлкен өмірге апаратын жол. Білім өскелең ұрпаққа заманауи әлемде өз орындарын тауып, туған қаласы мен елінің шынайы азаматтары мен патриоттары болуға мүмкіндік береді.

Ғажайып білім әлеміне сәт сапар, достар! Мереке құтты болсын!

**Жезқазған қаласының әкімі — Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы — Әбдрахман ДОСАНОВ**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

# БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚПЕН...

***Биыл дәстүрлі форматтағы жұмысына қайта кірісетін білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығы қарқынды. Осы тұста балалардың мектепке әзірлігі де айтарлықтай дайындық пен мол қаржыны қажет ететіні белгілі. Әйткенмен оқу формасы, спорттық киім, оқу құрал-жабдықтарының бағасы шарықтаған сәтте ата-ананың қалтасына біршама ауыртпалық түсіреді. Бұл көпбалалы отбасылар үшін тіптен қиынға соғатыны да жасырын емес.***




Аталған мәселені шешуде он жылдан бері жалғасын тауып келе жатқан республикалық «Мектепке жол» акциясының рөлі ерекше. Жыл бойына ұйымдастырылатын акция аясында әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына киім-кешек және сабаққа арналған кеңсе тауарлары үлестіріліп жатыр.

Жезқазғандық өрендер биыл да осы акцияның шапағатынан құр қалмады. Осындай кезекті акция ұйымдастырылуына қалалық «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы «Jas Otan» жастар қанатының ұйымдастыруымен өтті. Шараға «Қазақмыс» корпорациясы еңбеккерлерінің «Jastar Bolashaq» жастар одағы, «Жәкенова», «Исина А.Б.» жеке кәсіпкерліктері қаржылай қолдау көрсетті. Сонымен қатар акцияға Жезқазған қалалық мәслихатының депутаттары, Жезқазған байыту фабрикасының басшысы Мұрат Бөрібаев пен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің Жезқазған аймақтық әлеуметтік-еңбек қатынастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев және «Жезказганский вестник» газеті редакциясы қолұшын созды.

Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының және «Jas Otan» жастар қанатының белсенділері демеушілер қаржысы есебінен аз қамтылған және көпбалалы 30 отбасы балаларына мектеп сөмкесін және сабаққа қажетті құрал-жабдықтар алып берді.

Жыл бойы жалғасын табатын акцияға кез келген тұрғын қатысып, жанашырлық таныта алады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

Дәстүр бойынша тамыз айының соңында Кеншілер мен байытушылар өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтеді.

***Құрметті кеншілер мен байытушылар!***

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Мұндай кәсіпті тек батыл, жауапты адам таңдай алады. Сіздерді еңбекқор, ерік-жігері бар және керемет мінезді адамдар деп айтсақ та артық болмас!

Қараңғы және қауіпті жерде үлкен тереңдікке түсуге әркімнің батылы жете бермейді. Сіздер бұл салада жұмыс істеп қана қоймай, еліміздің өркендеуінің негізін қалайсыздар. Өйткені сіздердің ауыр өнеркәсіп саласындағы еңбектеріңіз ерекше екендігін атап өткен жөн. Сіздердің баға жетпес еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, лайықты болсын. Сіздерге мықты денсаулық, сәттілік пен шыдамдылық тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,**
**«Nur Otan» партиясының Қарағанды филиалы жанындағы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС төрағасының бірінші орынбасары**



COVID-19

# ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ СЕНІМДІ ҚОРҒАН



***Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой еліміздегі екпе алуға тиісті халықтың 60 пайызға жуығы коронавирусқа қарсы вакцина алғанын мәлімдеді. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Себебі неғұрлым ел тұрғындары екпе көмегіне жүгінген сайын, аурудан келер қауіп те азаяды. Министр мағлұматынша, жалпы еліміз бойынша COVID-19 ауруын жұқтырып, жансақтау бөлімінде жатқан науқастардың 95 пайызы – вакцина алмағандар.***



Алғашқылардың бірі болып вакцина алғандар қатарында ақ халатты жандар мен педагогтер және әскери қызметшілер болды. Міндетті екпе туралы қаулының нәтижесінде вакцина алушылар саны артты. Бүгінгі таңдағы елдің жаппай ауырмай, жағдайдың тұрақты болуы осы халықтың екпе салдырғанының нәтижесі деуге болады. Қоғамда екпенің тиімділігіне сенбейтін, өзі сеніп қана қоймай, өзгелерді де үгіттейтін антиваксирлер баршылық. Олар әр түрлі дәлелсіз пікірлерді алға тартады. Дегенмен бізге дейінгі жүзжылдықтар да, бүгінгі медицина да қауіпті дерттің алдын алатын жалғыз төте жол вакцина арқылы ғана жүзеге асатынын дәлелдеп отыр.

Ауру қайта өршіген тұста жасырын той-томалақ, құдайы жиындарын өткізетіндер саны азаймай отыр. Күн сайын жасырын той істеп, мобильді топ қармағына түсіп жатқан халықтың видеосын көріп, олардың алаңсыздығына, өз жақындарының амандығын ойламайтынына қайран қаламын. Себебі тойға жиналған соншама халық арасында, кем дегенде бір COVID-19 вирусын жұқтырған адам болатыны ақиқат. Онымен сөйлесіп, тіпті ол жүрген жолмен жүріп өткен жанның өзі вирус жұқтырып алуы мүмкін. Жаңадан шығып жатқан дельта штамы өте қауіпті. Бұрын коронавирус штамдары әр түрлі деңгейде мутацияланатын болса, қазіргі таңда дельтаның өзі ішінара мутацияға ұшырап жатыр. Сол себепті маскалық режим мен әлеуметтік арақашықтықты сақтау аса маңызды.

Өзін де, дәрігерлерді де, айналасындағыларды да алдап, әуре-сарсаңға салып жүргендердің бір парасы – жалған вакцина құжатын жасатушылар. Олар осы әрекеттері арқылы өз денсаулығымен қатар бүкіл ел болашағына қыруар зиян келтіргендерін мойындағылары келмейді. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген емес пе?! Жалған әрекет түптің түбінде белгілі болады. Жалған вакцина құжатын жасатқандар ауырып ауруханаға түскенде өкпесі екпе алғандардан аса қатты зақымданып, өтірігі айқара ашылып жатыр. Сонда бұдан кімге пайда, кімге зиян? Вакцина салдырмай, құжатын жасатқандарға қайтадан екпе салу мәселесі қоғам арасында қатты талқыға түсті. Түрлі сыни пікірлер айтылды. Дегенмен мәселенің нүктесін жауапты комитет қойды. «Вакцина салдырғаны туралы жазбаны модульден алып тастау алгоритмге сәйкес, яғни Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын арқылы жүргізіледі. Жалған вакциналау туралы жазба жойылғаннан кейін азамат медициналық мекемеде коронавирусқа қарсы вакцина салдыра алады», – деген Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті жалған құжат жасату қылмысқа саналатынын ескертіп, тергеу істері жалғасып жатқанын, жазықтылар жазасын алатынын айтты.

Неде болса, өзіміздің өміріміз өз қолымызда. Жауапкершілік жүгі қашан да ауыр екені белгілі. Осы тұста отбасы мүшелеріміз, әріптестеріміз үшін, олардың денсаулығы, олардың жақындары үшін вакцина алуымыз керек. «Сақтансаң, сақтайды» дейді дана халқымыз. Ендеше, індетті болдырмау мақсатында барлық сақтық шараларын естен шығармауға асығайық.

Қазіргі таңда Жезқазған қаласында Ресейде шығарылған Гам-КОВИД-Вак («Спутник V»), Біріккен Араб Әмірліктерінің Рас-Аль-Хайма қаласындағы «Жулпар» фармацевтикалық өндірісінде шығарылған «Hayat-Vax» және отандық «QazCovid-In» вакцинасы қалалық аурухана қалашығы мен медициналық орталықтың екпе орталықтарында салынып жатыр. Індеттің алдын алуды мақсат еткен тұрғындар жоғарыда аты аталған вакциналардың бірін өз таңдауы бойынша салғызады. Вакцина 21-45 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізіледі. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.

**Жанар БӨРІБЕКОВА,**
**«Көшімбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибедегі дәрігері**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ТОҚАЕВ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

***Қасым-Жомарт Тоқаев бейнебайланыс арқылы өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Ақорда сайтына сілтеме жасап.***

Мемлекеттер басшылары Ауғанстандағы жағдай және оның Ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне тигізер әсері туралы пікір алмасты. Сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдарды талқылады. Қазақстан Президенті өз сөзінде барлық сын-қатерлерді, соның ішінде терроризм мен экстремизмнің таралуы, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз саудасының артуы, заңсыз көші-қон, босқындардың жаппай қозғалысы, аймаққа деструктивті элементтердің енуі секілді мәселелерді кешенді түрде қарастыру керек екеніне назар аударды. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және Ұйымның шұғыл әрекет етуіне бағытталған бірқатар ұсыныс айтты. Мемлекет басшысы Ауғанстандағы гуманитарлық және азық-түлік дағдарысының алдын алу аса маңызды екенін де айтты. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы биыл 16 қыркүйекте Душанбе қаласында өтеді.

### ҚАЗАҚСТАНДА КАРАНТИН РЕЖИМІ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

***Бүгін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Қазақстан аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.***

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына байланысты ВАК карантиндік режимді жеңілдету бойынша бірқатар шешімді мақұлдады.

1. Ағымдағы жылдың 28 тамызынан бастап рұқсат беріледі: Ashyq жобасына қатысатын барлық бизнес объектілерінің демалыс күндері сағат 24:00-ге дейін, Ashyq жобасының көшбасшылары – Ashyq қосымшасы арқылы расталған қызметкерлер мен келушілердің «жасыл мәртебесі» (вакцинацияланғандар, 7 күннен кем емес теріс нәтижесі бар ПТР тестінің болуы) болған жағдайда сағат 02:00-ге дейін; сенбі күні-қоғамдық көлік қызметіне.

2. Ағымдағы жылдың 30 тамызынан бастап жұмыс күндері: Ashyq жобасына қатысатын барлық бизнес объектілерінің жұмыс уақыты 22:00-ден 24:00-ге дейін, Ashyq жобасы көшбасшыларының жұмыс уақыты 24:00-ден 02:00-ге дейін ұзартылды. Бұл ретте эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Алматы қаласында карантин шаралардың жеңілдетілуін 4 қыркүйектен бастап демалыс күндері, ал жұмыс күндері 6 қыркүйектен бастап енгізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ВАК-та жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Премьер-Министрдің орынбасары ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін орындау үшін келесі тапсырмалар берді: медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды қоспағанда, педагогтер мен техникалық персоналды вакцинациялауды аяқтау; санитариялық талаптарға сәйкес мектептердің толық дайындығын қамтамасыз ету; педагогтер, қызметкерлер және ата-аналар үшін барлық білім беру ұйымдарында Ashyq жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету; білім беру ұйымдарын оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен 100% қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау; мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын аяқтау. ВАК отырысында Премьер-Министрдің орынбасары басқа да бірқатар тапсырмалар берді.

### ДАЛА ТӨСІНДЕ – ҚЫЗУ ЕҢБЕК

***Ұлытау ауданында астық жинау науқаны басталды. Бірінші кезекте, диқаншылар арпа дақылын оруға кірісті. Жалпы, аудан бойынша егіс алқабы 26 мың гектарды құрайды. Оның 24 мың гектарына бидай, 2000 гектарына арпа себілген. Күн райы қолайлы болса астықты жинап алу науқаны қыркүйек айының ортасына қарай аяқталуға тиіс. Алғашқы болжам бойынша, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан түсім кем дегенде 5 центнерден айналады деп күтілуде.***

«Биылғы жаз құрғақшылықпен басталды. Жерде ылғал қоры аз. Табиғаттың осынау мінезі егін шығымына зиянын тигізді. Дегенмен, әліптің артын бағалық. Соңғы нәтижені жиын-терім науқаны аяқталар сәт көрсетеді» – дейді диқаншылар.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сағади Обайдуллиннің айтуынша, орақ науқанына диқаншылар тас-түйін күйде түсті. 78 комбайн, 45 автокөлік сақадай-сай. Жылдағыдай астық оруға арзандатылған жанармай бөлініп, босатылған. Қажетті дизель отынының әр литрі 178 теңгеден «ГАЗоilПром kz» серіктестігі арқылы қамтамасыз етіліпті. Күзгі дала жұмысына бөлінген 350 тонна жанармай ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге белгіленген кестеге сәйкес үлестіріліп отыр екен. Осы бірегей мүмкіндікті пайдаланған диқаншылар маңызды науқан – егін орағын ұйымшылдықпен өткізуге ұмтылуда

## САНАҚ – 2021

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАЙДЫ

***Еліміз тәуелсіздік алғалы бері үшінші рет өткізілгелі отырған халық санағы биыл 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілмекші. «Қазақстанда әркім маңызды!» деген ұранмен ұйымдастырылатын биылғы санақ бұрынғылардан өзгеше өтпек. Яғни онлайн және офлайн. Бұрынғыша үйлерді аралау әдісі де қолданылмақшы. Еліміз үшін маңызды науқанды өткізудегі дайындықтың барысы туралы Жезқазған қаласы статистика басқармасының басшысы Айжан КАРАЕВАДАН біліп қайттық.***



***– Айжан Өмірзаққызы, ел ішінде «санақтың өткізудің қажеті қанша?» деген сұрақ жоқ емес, бар. Сондықтан әңгімемізді әріден ұлттық санақты өткізудің мәні мен мағынасынан бастасақ.***

– Санақ жалпы ел бойынша, қалалық және ауылдық жерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да сапалық және сандық белгілерді айқындап береді. Санақ нәжижелері арқылы қазақстандықтардың үй шаруашылықтарын, некелік-отбасылық қатынастарды жақсарту, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін, халықтың тұрғын үй жағдайларын жетілдіру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу көзделген. Сонымен қатар халық санын білу, құрылымдық өзгерістерін бағамдау білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша қандай да бір шешімдер қабылдау үшін аса қажет. Сонымен бірге, санақ нәтижесі шалғайда орналасқан ауыл мен елді-мекендердегі ахуалды білуге, соның нәтижесінде онда қордаланып қалған мәселелерді шешуге жол ашады. Тоқсан сөздің тобықтай түйінін шығарар болам, ұлттық санақ мемлекеттің алдағы он жылдағы бағыт-бағдарын айқындайтын ауқымды жұмыс.

***– Бұл санақтың 1999, 2009 жылдардағы санақтан қандай айырмашылығы бар? Биылғы халық санағының ерекшелігі неде?***

– Елімізде бұған дейін өзіңіз айтып отырғандай екі  халық санағы өткізілді. Бұл санақтардың қазіргі санақтан айырмашылығы, ол кезде санақ қағаз жүзінде, арнайы санақ бланктерін толтыру арқылы, яғни дәстүрлі түрде жүргізілді. 2021 жылы өткелі отырған ұлттық халық санағының ерекшеліктеріне келер болсам, біріншіден, бұл санақ электронды түрде жүзеге асырылады. Екіншіден, әр тұрғын sanaq.gov.kz арнайы сайтына кіріп, сауалнаманы өзі толтыра алады. Санақтың бірінші кезеңінде тұрғын үйлер мен тұрғын емес үй-жайлар, ғимараттардың тізімі, егалары мен тұрғын үйлердегі халықтың жалпы саны алынды. Екінші кезең осы жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өткізіледі. 1 қыркүйектен бастап 15 қазан аралығында онлайн режимінде, 1 қазаннан 30 қазан аралығында үйлер планшетпен араланады. Бұл кезде жаппай халық санағын өткізу жұмыстары жүргізіледі. Халықтың демографиялық ахуалы, неке жағдайы, білім деңгейі, көші-қон және тағы басқа да жағдайлары анықталады. Санақ парақтарындағы сұрақтардың жалпы саны – 91. Олар: «Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі» (8 сұрақ); «Тұрғын үй жағдайлары» (8 сұрақ); «Жеке сұрақтар (42 сұрақ) және шетелдіктерге қойылатын сұрақтар (11 сұрақ). Бұрынғы сауалнама парақтарындағы сұрақтар кеңейтілді. Оларға тіршілік әрекетінің шектелуіне, пандемияға байланысты сұрақтар, ҚР аумағында уақытша тұратын азаматтар туралы сұрақтар және көші-қон, жұмыспен қамтылу, неке жағдайларына, тілдерді меңгеру, табыс көздеріне қатысты сұрақтар қосылды. Бұл жолғы сауалнамада көші-қон, еңбекпен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл білуі бойынша сұрақтар аясы кеңейтілген. Сондай-ақ БҰҰның мүгедектік статистикасы жөніндегі Вашингтон тобы ұсынған жаңа сұрақтар қосылды. Мұндағы басты мақсат – мүгедектік өлшемшарттарын ескеріп, денсаулық сақтау статистикасы аясында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ету.

***– Маңызы бар науқанға Жезқазған қаласының дайындығы қандай?***

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу туралы» №419 қаулысына сәйкес, Ұлттық халық санағының бірінші кезеңі 2021 жылдың 1 маусымы мен 30 маусымы аралығында ұлттық халық санақтың дайындық кезеңі өтті. Бұл кезеңде адамдар тұратын үй-жайлар, үйшаруашылығында тұратын жалпы адам саны туралы мәліметтер жиналды. Жезқазған қаласы бойынша Ұлттық халық санағының 2 кезеңіне дайындық және оны өткізу жұмыстары қабылданған жоспар бойынша жүргізіліп жатыр. 2021 жылдың 13 тамызына санақ өткізуді ұйымдастырудың жоспары құрылды. Жезқазған қаласы  және Кеңгір селосының схематикалық картасы бекітілді. Бұл карталар нұсқаушылық және есептеу учаскелеріне бөлінген.  Жезқазған қаласы бойынша 15 нұсқаушылық учаскесі құрылып, осы учаскелер 101 есептеу учаскесіне бөлінді және бұл жұмысты орындау үшін 116 адам жұмысқа тартылатын болады. Жезқазған қаласына қарасты селолық округтер бойынша 1 нұсқаушылық учаске, 6 есептеу учаскелері құрылды, 7 адам жұмыс атқаратын болады. Жұмысқа шақыру туралы хабарландырулар жергілікті газеттерде, мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілерінде жарияланды. Нұсқаушылық учаскелер қалалық әкімдік, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ғимараттарында, мектептерде, колледждерде, орналасатын болады.

Жезқазған қаласының халқына Ұлттық санақ туралы мүмкіндігінше толығырақ ақпарат беру мақсатында жарнамалар, видеороликтер газеттерде, жергілікті теле-арнадада және қалада орналасқан 2 LED экран бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Қала көшелеріне  5 баннер орналастырылды.

***– Ел азаматтарынан бөлек кімдер санаққа жатады және кімдер санаққа жатпайды?***

– ҚР-ның аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстанның мемлекеттік билік органдары (дипломатиялық корпус) желісі бойынша қызметтік міндеттерін орындауға байланысты 12 ай және одан да көп мерзімге шетелде жүрген немесе ұзақ қызметтік іссапармен жүрген (олармен бірге жүрген отбасы мүшелерін қоса алғанда) оқудағы («Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы бойынша оқитындарды қоса алғанда») Қазақстан Республикасының азаматтары, тұрғылықты жері басқа елде, бірақ халықты есепке алу сәтінде уақытша (12 айдан аз) ҚР-ның аумағында жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және ҚР-ның азаматтары санаққа алынады. Ал, санаққа алынбайтындар – шетелде тұрақты тұратын ҚР-ның азаматтары, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы және студенттер алмасу бағдарламалары бойынша оқитын студенттерді (магистранттарды) қоспағанда, шетелге 12 ай және одан да көп мерзімге жұмысқа немесе оқуға кеткен (болмау ұзақтығына қарамастан, 12 айдан астам) ҚР-ның азаматтары, өз мемлекеттерінің дипломатиялық және басқа өкілдіктерінде жұмыс істейтін шетелдік азаматтар, шетелдік әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелері.

***– Қазір тұрғындар өзінің қауіпсіздігін бәрінен жоғары қояды. Сондықтан, есік қаққанның бәріне өзі туралы мәліметті бермейтіні анық, Ендеше, тұрғындар интервьюерді қандай ерекшеліктері бойынша тани алады?***

– Нысандарды аралау кезінде интервьюерлердің куәлігінде суреті, мәліметтері, статистиканың аумақтық органының мөрі болады, халық санағының символикасы басылған көк түсті шарф тағып, көк түсті портфель ұстайды. Тұрғынды тіркеуге арналған планшетпен және тұрғынға түсінікті болу үшін жадынамамен қамтамасыз етілген. Жадынамада санақ туралы, интервьюер туралы, Call центрі мен статистика басқармасының нөмірлері жазылған. Тұрғындар түсінбеген немесе санаққа байланысты сауалдары болса, жадынамада көрсетілген 8 8000 800 878 нөмірге хабарласа алады. Санақ кезінде тұтас республика бойынша «1446» қысқа нөмері бар бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

***– Уақыт тауып, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге рахмет. Мемлекеттік маңызы бар науқанды ойдағыдай өткізулеріңізді тілейміз.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ



***2021 жылғы 1 қыркүйекте 2.0 Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталады. Жоба өмірлік мақсаттары мен қағидаттары қоғамға қызмет етуге бағытталған талантты, болашағы зор және өршіл жастар, өз саласындағы кәсіпқойлар арасынан мемлекеттік аппарат үшін топ менеджерлердің кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған.***

Конкурсқа 35 жастан аспаған, жоғары білімі бар, кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар және мемлекеттік тілді орта деңгейден төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Ұлттық стандарттарға сәйкес бұл В1 деңгейі.

Резервке іріктеуге қатысуға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, сондай-ақ Президенттік жастар кадр резервіндегі адамдар жіберілмейді.

Байқау қорытындысы бойынша 50 резервші іріктеледі.

Президенттік резервтен тағайындау мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына және «Б» корпусының басшы лауазымдарына көзделеді.

Резервте болу мерзімі 3 жылды құрайды.

Іріктеудің алғашқы кезеңдеріне: кандидаттардың құжаттарын қабылдау, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау, ситуациялық тапсырмаларды шешу кіреді.

Қатысушылардың неғұрлым кең ауқымы үшін тең жағдай жасау мақсатында бұл кезеңдер қашықтықтан жүргізіледі. Барлық ниет білдірушілер байқауға тіркеліп, өңірлерден шықпай, тіпті шетелде де алғашқы кезеңдерден өте алады. Әсіресе, бұл санитарлық шектеулерді сақтау қажеттілігі кезеңінде өзекті.

Үміткерлердің құжаттарын қабылдау ағымдағы жылғы 1-30 қыркүйек аралығында pkrezerv.gov.kz. мамандандырылған онлайн-платформада жүргізіледі.

Тіркелу үшін үміткерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы қажет. Оны қашықтан алуға болады, сондықтан бұл қатысушылар үшін, тіпті шетелдегі адамдар үшін де кедергі болмайды.

Тіркелу үшін тек 4 құжатты ұсыну қажет:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) білімі туралы құжаттың көшірмесі;

3) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) белгіленген орта деңгейдегі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша тестілеу тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат.

Мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат алу үшін кандидат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Ұлттық тестілеу орталығында (қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ) не Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының QAZAQRESMITEST(ресми-іскерлік қазақ тілін тестілеу жүйесі) қазақ тілін тестілеудің онлайн-сервисінде тестілеуден өтуі қажет.

Өтінім берген сәтте мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат болмаған жағдайда кандидатқа «ҚАЗТЕСТ» немесе QAZAQRESMITEST жүйесі бойынша тестілеуден өту үшін сілтемелер ұсынылады.

Бұл ретте кандидат тиісті сертификат алғаннан кейін іріктеуге қатысу үшін тіркеуді аяқтай алады.

Тіркеуден кейін қатысушылар мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өту уақытын брондауы, сондай-ақ ситуациялық тапсырмаларды шешу үшін бағытты таңдауы қажет.

«Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» кезеңі ағымдағы жылғы 2-9 қазан аралығында өтеді.

Бұл кезең кандидаттардың күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға және оның нәтижелерін верификациялауға мүмкіндік беретін тестілеудің екі жеке блогынан тұрады.

Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауды талаптарға сай келетін барлық кандидаттар өтеді. Бұл ретте сандық тестілеуді орындауға ең көп балл жинаған кандидаттардың 50%-ы жай ранжирлеу әдісімен жіберіледі. Бағалаудың екі блогынан өту қорытындысы бойынша кандидаттар верификацияға (нәтижелерді растауға) жіберіледі.

Тестілеуді тапсыру тілін кандидат өз бетінше таңдайды. Тапсырмаларға кандидат жеке кабинетте кандидат таңдаған уақытта қол жеткізе алады.

Келесі кезең – «ситуациялық тапсырмаларды шешу» ағымдағы жылғы 12-17 қазан аралығында өтеді, осы кезең шеңберінде кандидаттардың ситуациялық тапсырмалар түрінде жасалған нақты проблемаларды шешуге олардың пайымдарын бағалау арқылы кәсіби құзыреттері айқындалатын болады.

Кезең онлайн-платформада эссе жазу форматында өтеді.

Осы кезеңнің қорытындылары бойынша ең жоғары нәтижелер алған кандидаттар Резервке іріктеудің келесі кезеңіне жіберіледі.

«Құзыреттерді бағалау» кезеңі екі блоктан тұрады: ассесмент-орталық – ағымдағы жылғы **25 қазан** мен **15 қараша** аралығында офлайн форматта өтеді және құзыреттер бойынша сұхбат ағымдағы жылғы **20-28 қарашада** онлайн өтеді.

Ассесмент-орталық арқылы бағалау мінез-құлық көрсеткіштерінің жиынтығы арқылы белгілі бір мінез-құлық құзыреттіліктері (стратегиялық ойлау, белсенділік, іс-әрекетті басқару, командалық көшбасшылық, сенімділік) анықтауға бағытталған.

Ассесмент-орталықтың нәтижелері бойынша әрбір кандидатқа қысқаша есептер тұжырымдалып, олар өздерінің жеке кабинеттеріне орналастырылатын болады. Қорытындысы бойынша ең үздік нәтиже көрсеткен кандидаттар құзыреттерді бағалаудың келесі блогына жіберіледі.

Құзыреттер бойынша сұхбат кәсіби HR-менеджерлерді тарта отырып, жеке терең сұхбат түрінде өтетін болады. Сұхбат үміткерлердің ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталған.

Баллдар жиынтығында іріктеудің алдыңғы кезеңдері бойынша ең жақсы нәтижелер көрсеткен қатысушылар Резервке іріктеу жөніндегі Сараптау комиссиясының мүшелерімен әңгімелесуге шақырылатын болады. Сараптау комиссиясының отырысы ағымдағы жылдың 3-10 желтоқсанында өтеді.

Әңгімелесу қорытындысы бойынша Сараптау комиссиясы Резервке алуға ұсынылатын ең жоғары баллмен қатысушылар қатарынан кандидаттардың тізімін қалыптастырады және кадр Резерві жөніндегі Ұлттық комиссияның қарауына жібереді.

Конкурстың қорытынды кезеңін кадр резерві жөніндегі Ұлттық комиссия ағымдағы жылғы 13-25 желтоқсан аралығында өткізеді, ол өз отырысында Сараптау комиссиясы ұсынған ең үздік кандидаттарды қарайды. Отырыс қорытындысы бойынша комиссия кандидаттарды Президенттік резервке алу туралы шешім қабылдайды.

ПЖКР-ға өткен іріктеу құзыреттілік, мақсаттылық, адал күрес және шығармашылық марапатталғанын айқын көрсетті. Өз біліміңізге, кәсібилігіңізге және талантыңызға сүйене отырып, жетістікке жетуге болады.

Осылайша, 2019 жылы резервке жеке сектордың 106 өкілі, квазимемлекеттік сектордың 98 қызметкері және 96 мемлекеттік қызметші кірді.

Резервке алынған сәтте алдыңғы қатарлы шетелдік білім алғандардың 58%-ы кандидаттар, 42%-ы қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектері болды. 6 адам ғылым докторы, 204-магистр дәрежесіне ие болды.

Іріктеу жеңімпаздарының орташа жасы 31 жасты құрады. Бұл ретте резервшілердің экономиканың түрлі салаларында айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар. Олардың көпшілігі экономиканың әртүрлі секторларын ұсынатын ірі шетелдік және трансұлттық компанияларда жұмыс істеді немесе жұмыс істеді.

Бүгінгі таңда резервшілердің 60%-ы жұмысқа орналастырылды, бұл 184 адам, оның ішінде 17-сі саяси лауазымдарды, 5-і «А» корпусының лауазымын атқарады, 2 резервші Парламент Мәжілісінің депутаттары, 1-і облыстық мәслихаттың депутаты.

Президенттік Жастар кадрлық резервіне іріктеу-бұл жаңа буынның жас және талантты кәсіпқойлары үшін ашық конкурс.

Көшбасшылар қатарына кіру мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!

Президенттік резервке іріктеу бойынша толық ақпаратпен сайтта танысуға болады **pkrezerv.gov.kz**

Президенттік Жастар кадрлық резервін қалыптастыру қағидалары Президенттің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығымен регламенттелген.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

# АТА ЗАҢ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРҚАУЫ

***1995 жылдың 30 тамызы – ҚР-ның Конституциясы қабылданып, ел тарихында алтын әріппен жазылған уақыт. Бұл – Республикамыздың Тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі екінші Конституциясы. Тарих үшін 26 жыл – қас-қағым сәт. Алайда бұл мемлекет өміріндегі сындарлы жылдар болды. Осы қысқа да болса мазмұнды мерзімде халқымыздың бүгінгісі мен болашағына байланысты қыруар саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени мәселелер оң шешімін тапты.***



1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қазіргі қолданыстағы Ата заңымыз – Конституцияны қабылдадық.

Бұл Конституция тәуелсіз, демократиялық, зайырлы мемлекет құруға негіз салды, Қазақстан мемлекетін жекелеген бір ұлт емес, бүкіл халықтың саяси ұйымы деп жариялады. Тұңғыш рет адам құқықтары мен бостандықтары және міндеттері нақты түрде жарияланды. Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халық болып бекітілді. Республикадағы мемлекеттік билік – заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары өзара іс-қимыл жасау қағидасына сай жүзеге асырылатын болды. Қазақстан Республикасының Президенті халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға болды. Конституцияда Президенттің рөлін биіктеткен, шығыстың және батыстың тәжірибесін ұштастырған президенттік басқару көрсетілді. Сөйтіп, Қазақстан Республикасында басқарудың мықты президенттік жүйесі бекітілді. Жоғары соттың шеңберінде біртұтас жүйе орнықты. Конституциялық Сот сот органы болып табылмайтын Конституциялық Кеңеспен алмастырылды және басқа да мемлекетімізге тиімді оңды өзгерістер орын алды.

Конституциялық реформалардың негізінде мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасында түбегейлі өзгерістер орын алды, еліміздің аяғынан тік тұрып, мемлекетіміздің жүйеленуінде, азаматтардың өмірінде жаңа нарықтық экономикаға бет бұрған сана-сезімнің қалыптасуында маңызды рөл атқаруда. Бұл Конституция қоғамымызда өміршең құжат болып, соның арқасында қоғамдық тұрақтылық нығайды, әлеуметтік экономикалық тұрғыдан алға ұмтылуымыздың құқықтық алғы шарты жасалды.

Конституцияның мағынасын түсіндіретін негізгі ұғымдар: адам құқықтары, мемлекеттік билік, демократия және сот төрелігі.

Адам құқықтары – Конституциялық проблемалардың бастапқы түйіні, адам өмірінің қасиетті болуы, оның физикалық, моральдық және жеке-меншікке қол сұғылмаушылығы ажыратылмайды, олар тек ерекше жағдайларда ғана және тек конституциялық заңмен ғана шектелуі мүмкін. Мемлекеттік билік – мемлекеттің бірыңғай негізгі элементі, кез келген биліктің субстанциясы бағынышты қатынастар болып табылады. Мемлекеттік биліктің орталық институты атқарушы билік болып табылады.

Демократия – абсолютті құндылық, тоталитаризмнің антиподы және әлеуметтік еркіндік институты. Сот төрелігі – барлық мәлімделген әлеуметтік-экономикалық реформалар жетістігінің қажетті шарты. Онсыз азаматтардың құқықтары, демократия, нарық, «тежеулі» мемлекеттік билік болмайды.

1995 жылғы Конституцияның барлық философиясы билікке ие мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар құқыққа бағынуға және құқыққа байланысты болуға тиіс деген ұғымға әкеледі.

Конституциялық реформа – бұл қоғамды құқық шеңберінде және құқықтық әдістермен жүргізілетін өркениетті реформалау. 1995 жылғы Конституцияда бірінші рет заңдылықты сақтау, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, заң мен сот алдында баршаның теңдігі, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы, істі қараудың жариялылығы сияқты сот төрелігінің маңызды қағидаттары қалыптастырылып, бекітілді.

Қазіргі уақытта сот жүйесі жаңғыртылды, нәтижесінде сот қызметінің заңнамалық және процестік негіздері жетілдірілді, сот төрелігіне сенім мен қолжетімділікті қамтамасыз ету деңгейі жоғарылауда, судья кадрларын іріктеу рәсімі түбегейлі өзгеруде, қабылданған шешімдер үшін судьялардың жауапкершілігі күшейтілуде, судьялардың жүктемесі едәуір төмендетілді. Жүргізілген реформалар нәтижесінде сот заңның үстемдігі мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің пәрменді құралы болып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 жылдығын мерекелеуге байланысты Конституция көпұлтты Қазақстан халқына ең басты құндылығы – тұрақтылық пен бейбіт өмір сүру мүмкіншілігін бергенін тағы да еске салып өткім келеді. Біздің ата-бабаларымыздың армандаған тәуелсіздігін қазіргі ұрпақ көріп отыр.

**Жанболат ШОРТАНБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық сотының төрағасы**

# БИІК БЕЛЕСКЕ БАСТАДЫ

***Мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыруға байланысты қатынастарын, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылдың 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.***



Содан бастап елімізде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар өз жұмыстарын бастады. Қазақстан Республикасы ӘРПК-нің негізгі міндеттері – мемлекеттік басқару саласындағы әкімшілік сот ісін жүргізу жөніндегі дауларды шешу бойынша, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырумен байланысты қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу болып табылады. Қарағанды облысы № 2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Жезқазған қаласында Тарадай көшесі мекенжайында орналасқан ғимаратында ашылды.

Қай елдің болмасын тұрмыс-тіршілігін реттейтін заңы бар. Қазақ елі де өз отауын тіккелі елдің берекесі мен бірлігін сақтайтын заңын қабылдады. Негізі Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданып, ол кірісіпеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады. Ал қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Яғни, дәл осы күні республикада бүкілхалықтық референдум өтті. Нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.

Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады. Ата Заң қабылданғаннан кейін оған 1998, 2007 және 2011 жылдары өзгертулер енгізіледі. Осылайша әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихи да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Айналасы 26 жылдың ішінде бірлігі жарасқан, өзге дамыған елдермен иық тірестіре қарыштап келе жатқан мемлекетке айналып отырмыз. Оның барлығы осы уақтылы, дұрыс қабылданған Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің толық қамтылғанын айғақтайды.

Барлық қала тұрғындарын, отандастарымызды осы айтулы мерекемен құттықтаймын! Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел, жұртымыз тыныш болсын!

**Жастілек КИШЕНОВ,**
**Қарағанды облысы № 2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төраға м.а.**

# ЕЛ ТІРЕГІ – ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР

***Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бізге, яғни бүгінгі ұрпаққа бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Біз сол еркіндік пен Тәуелсіздіктің арқасында адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші саналатын білімді де сауатты азаматтарға айналдық.***



Шын мәнінде бақытты кезеңде өмір сүріп жатқан жастарға бүгінде Тәуелсіз Қазақстанда өзін таныту үшін мүмкіндіктер өте көп, бұл туралы аға ұрпақ жастық жылдарда армандай да алмайтын. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар жастардың уақыты. «Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе. Оны рәсуа ету қылмыс…», – деген екен Бернард Шоу. Сондықтан, мен және менің жақтастарым, қатарластарым мен құрбы-құрдастарым тек оқу, күш-қуатынды аямастан еңбек ету арқылы ғана ойлаған арманға жетуге болатынын біледі және әрекет етуде.

Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін Тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Халқымыздың бостандыққа деген ұмтылысы мен қайсар рухының арқасында қазақ халқы шекарасын шегендеп, бодандықтан босады. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ.

Тәуелсіздіктің туы желбіреген 30 жылдың ішінде мемлекетіміз Азияның жолбарыстары, Еуроодақ елдері, әлемнің дамыған азулы, алпауыт елдері тамсанып, қызыға қарайтындай біраз ізгі істер атқардық. Әрине, әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан Қазақстанның Тұңғыш Президенті, «Nur Otan» партиясының көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында мұндай ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Олардың қатарына Европадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрешілік етуіміз, Ислам конференциясы ұйымын басқаруымыз, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымында көрсетіп жатқан белсенділігіміз, Алматы мен астанада өткен Қысқы Азия ойындары, Халықаралық ЭКСПО көрмесі бар. Мұның бәрі-бәрі – бір күндік еңбектің емес, айлап, жылдап тер төккеннің, талмай алға ұмтылғанның жарқын көрінісі.



Бүгінгі бейбіт қоғамда алаңсыз өмір сүріп жатқанымыз киелі Тәуелсіздігімізге парызбыз. «Чемпион болу қиын, ал оны сақтап қалу одан да қиын» демекші, Тәуелсіздік алдық деп қуана бермей, ендігі кезекте бостандықтың қадірін түсініп, оны сын-қатерлерден қорғауымыз керек. Еліміздің экономикалық дамуына атсалысып, әлемнің озық отыз елі қатарынан көрінуіне өз септігімізді тигізуді мақсат етуіміз қажет. Қазақстанды дамудың жаңа даңғыл жолына шығару бізге жүктелгенін терең ұғына отырып, біз, Жезқазған қаласының жастары «Мәңгілік ел» арманына қарай бет алдық.

Жастардың көшбасшысы болу – үлкен жауапкершілік. Алғашқыда өзім волонтерлық қызмет арқылы келген «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатындағы замандастарыммен қаланың қоғамдық-мәдени өміріне араласып, түрлі форматтағы шараларды ұйымдастырып, абыроймен атқарып жүрміз. Атап айтсақ, «Ардагерлерді ардақтайық», «Дәрігерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында сүрінгенге сүйеу, құлағанға демеу болып жүрміз. Одан бөлек, акциялар мен кездесулер арқылы креативті жастарымыз өздерінің идеяларын ортаға салып, қоғамға пайдасын тигізуде. Биыл Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлауда да жасотандықтар белсенділіктерін көрсетіп, партияның жеңіске жетуіне септігін тигізді.

Біздің басты мақсатымыз – Мағжан сенген жастар бейнесін қалыптастырып, партияның, елдің болашағын құру. Қазіргі таңда аталған бағытта жастармен атқарылған бастамалар аз емес. Әлі де осы мақсатты өміршең ету жолында жұдырықтай жұмылып, талмай еңбек ету керек. Сондықтан, қазақстандық жастар Тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, егеменді еліміздің ертеңгі күні, болашақ тағдыры өзіміздің қолымызда екендігін ұмытпаса деймін. Туған елдің мәртебесін биіктету – біз бен сіздің парыз!

**Нұргүл ТАЛҒАТБЕКОВА,**
**«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» ЖҚ облыстық филиалының кеңесшісі**

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

***«Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні қаріп» дегендей қай кезде де оқу арқылы алға озып, заңғарларды бағындыруға болатыны ақиқат. Қашаннан-ақ тұнық ойлы, биік парасатты халқымыздан шыққан талапты да дарынды, білімді һәм өнерлі жастарымыз мол. Біз олармен мақтанамыз. Қазақстандық білім жүйесі жылдан-жылға ілгері басып, жаңашылдықпен дамып келеді. Қазақстандық жастар дүниежүзілік білім бәйгелерінде бас жүлдені бермей, жүлделі орындарды қанжығалап жатыр. Ұстаздарымыздың да білім-білігі жыл өткен сайын артып, мұғалім мамандығын таңдауға ниетті жастарға қойылар талап та артуда. Бұл – отандық білім беру саласын дамытуға арналған орынды қадамдар. «Педагог мәртебесі» туралы Заң да қызығы мен шыжығы мол ұстаз кәсібінің маңызын арттырды.***

# ОНЛАЙН ОҚУ:

## МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІН ҰШТАДЫ



Соңғы бір жарым жыл көлемінде әлемді жайлаған коронавирус індеті салдарынан білім ошақтары қашықтан білім беруге көшті. Осы тұста мектеп жасындағы балаларға оңай тимегені рас. Қашықтан білім берудің алғашқы кезеңінде балалармен қоса, ұстаздар мен ата-аналар да беймаза күй кешті. Дегенмен, қазір артқа қарасақ, сол бір қиындықтардың уақытша екеніне көзіміз жетті. Біз бұл сынақты да тиімді еңсеріп, тәжірибемізді арттырдық.

Әлемдік атаумен айтсақ – дистанттық білім, нақтыласақ – қашықтан берілетін білім жүйесі осы күннің шындығына айналды. Тіпті бүгінгі таңда қоғамның қай саласында болмасын, әсіресе, білім саласының ажырамас бөлігі ретінде қоса қалыптасты дей аламыз. Бұрын оны белгілі деңгейде ғана енгізсек, енді жаппай қолданудың кезеңі туды. Бұл – нақты мәселені нақты шешудің жолы. Сондай-ақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, жаңа жағдай «жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде».

Мемлекет басшылығы да, сала басшылығы да осы жауапкершілікті жіті түсінеді және соған сай амалдар жасап та жатыр. Сондықтан еліміздің білім-ғылым саласындағы бай тәжірибесі бұл қиындықтан да сүрінбей өтуге мүмкіндік беруде.

Онлайн білім беру, қашықтан оқу тәжірибесі алдыңғы қатарлы дамыған елдер тәжірбесінде бұрыннан бар. Дегенмен аталған үдеріс елімізде әлі де зерттелу, зерделену үстінде. Сондықтан да аталған мәселе әрдайым басты назарда болып отыр. Бұл кезеңдер кім-кімге де оңай тиіп жатқан жоқ. Бірақ, әр қиындықтың артынан жақсылық күтетін халық емеспіз бе?! Бұл жүйеге де төселіп келеміз. Дәл осы оқиғаларға, яғни COVID-19 вирусының таралуына байланысты қашықтан оқыту таптырмас әрі жалғыз шешім болды. Қиындығы мен қызығы қатар өрбитін өмір заңдылығына сәйкес қашықтан оқытудың да пайдасы мен зияны жетерлік. Ең алдымен, жақсы жағын санап көрейік. Біріншіден, ақпараттық технологиялардың және ең алдымен компьютерлік желілердің дамуына, әлемнің кез-келген жерінде тыңдаушылардың үлкен аудиториясына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Оқушылар бос уақыттарын отбасымен өткізу мүмкіндігін алды. Сонымен қатар интернет-технологиялардың көмегімен оқушыларымыз үйде отырып пәндік білімдерге дәріс алып, тапсырмаларды орындап, мұғаліммен кері байланыс жасауға мүмкіндік алды. Әр сыныпқа әр пән бойынша арнайы дайындалған видеосабақтардың тұтастай қоры жасақталды. Екіншіден, оқушыға белсенділігін арттыруға, өзіне сенімділігін қалыптастыруға, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту арқылы оқу мақсатын өздігінен игеріп, ойын еркін жеткізе білуге, өзіне жүктелген жауапкершілікті саналы түрде түсінуге көп көмегін тигізді.

Ал зиянды жақтарына тоқталар болсақ, ең алдымен, сабақты телефон, компьютермен оқу денсаулыққа, көзге зиян. Бұл ретте мұғалімге де, оқушыға да қиын екені анық. Екіншіден, оқушының үйінде онлайн оқуға қажетті құрал-жабдықтардың жетіспеушілігінен, интернет желісінің дұрыс жұмыс жасамауынан, байланыс аппараттарының сапасыздығынан оқушы сабаққа мезгілінде кіре алмауы орын алды. Сабаққа кіре алмаған оқушы тақырыпты қалай меңгереді? Үшіншіден, мектеп бітірушілер үшін онлайн оқумен сынаққа толыққанды дайындалу мүмкін емес. Бұл «мұғалім дайындамайды» деген сөз емес, дегенмен оқушы білмегенін, түсінбегенін ұстазынан көзбе-көз сұрап білгенге жетері жоқ деп ойлаймын.

Онлайнға көшкен соңғы бір жарым жылда мектеп оқушыларының білім алуы тұралап қалған жоқ. Әлбетте, қиындықтар болғанын жасырмаймыз. Десе де, Мемлекет басшысының нақты тапсырмасы, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетовтің дер кезінде қабылдаған жүйелі шешімдерінің арқасында уақыт өте келе бәрі өз орнымен реттеле бастады. Әрбір қала, ауыл-аймақтардағы мектептердегі балалардың сапалы білім алуы үшін білім бөлімдері бірізді жұмыстар атқарды. Бар жауапкершілікті ата-анаға жүктеп қоймай, оқушылардың қашықтан оқуға мүмкіндіктері тексеріліп, әлеуметтік жағдайларына да қарай компьютер, ноутбуктармен қамтылды. Уақыт өте келе балаларымыз қашықтан оқуға біраз төселіп, өз алдарына жауапкершілікті сезіне білді.

Оқушыларымыз қашықтан оқуда қолданылатын қазақстандық «Bilimland», «Kundelik.kz, «Daryn.online» білім платформаларымен қатар шетелдік «WhatsApp», «Telegram» мессенджерлері, «Zoom» видеоконференциясы, «Microsoft Teams», «Google Classroom» платформаларын қолдануға жаттықты. Елімізде қашықтан оқытуды жүйелі түрде қолдануға болады. Ол үшін, алдымен, шалғайдағы ауылдық елі-мекендердегі операторлық байланыстарды, желілерді дұрыстау қажетін ұмытпау шарт. Байланыстың сапасы жоғары болғанда ғана жоғары сапалы білім алуға деген мүмкіндіктерде молая түседі.

Әрине, оқу орындарының компьютерлік базасы әрі қарай толықтырылады, жетілдіріледі, бірақ соған қарамастан, қолдағы бар құралдарды толық пайдаланып, солардың мүмкіндіктерін барынша қолдануға тырысу керек. Білім беру ұйымдарында оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгізу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да басты назарда болу керек.

Қашықтан оқыту мұғалімге қалыпты оқытудан екі еселенген жауапкершілікті жүктеді. Қысқа, төте жолмен діттеген мақсатқа жетуге негізделген ақпарат пен тапсырманы саралап, сынып оқушыларын толықтай қамтып, кері байланыс орнатуды үйретті. Ата-аналарға оқыту мен оқуда ұстаз бен шәкірт арасында ерекше мейірім мен жүрекке жол тауып, білім нәрін егудің тылсым күші бар екенін сездірді. Қашықтан білім беру мұғалімнің шеберлігін ұштап, қиын сәтте де жол таба білуге шыңдады. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылықтары артты, үлкен тәжірибе жинақталды. Мұғалім еңбегінің зор екендігін елдің бәрі мойындады.

Әрине оқушы үшін мектепке барып, мұғалімнің алдын көріп, білім алғанына, мұғалім үшін оқушымен бетпе-бет отырып, білмегенін үйреткеніне ешнәрсе жетпейді ғой. Әйтсе де, елдегі жағдайға байланысты қиын кезеңдерді уақытша деп қабылдап, бұл күндердің де артта қалатынына үміт зор.

Алда жаңа оқу жылы келе жатыр. Биылғы 1 қыркүйек білім күнін барша ел тұрғындары, әсіресе, оқушылар асыға күткендей. Барша жезқазғандықтарды дәстүрлі форматта басталатын жаңа оқу жылымен шын жүректен құттықтаймын. Тек жүзден жүйріктер мен мыңнан тұлпарлар алға озып, бәйге алар білім додасында көшбастар оқушыларымыз мол болып, ұстаздар еңбектері еселеніп, табысқа кенелтсін. Жетістіктен жетістікке жете беріңіздер!

**Әлия БӘЖІБАЕВА,**
**«Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатының директоры**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

***Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғауды, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасауды қамтамасыз етуді «Nur Otan» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасына енгізіп, «Кедергісіз келешек» атты партиялық жобасын іске асыруда. Жоба аясында Жезқазған қаласында 2025 жылға дейін әлеуметтік маңызы бар 64 нысанда мүгедектігі бар тұрғындарға жағдай жасау көзделген. Биылғы жылдың соңына дейін қаладағы 20 нысанды бейімдеу жоспарланған. Сол жұмыстардың орындалысын бақылау мақсатында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә ӘЛКЕБАЕВА бастаған комиссия мүшелері білім, денсаулық сақтау мен коммуналдық сала нысандарына атбасын бұрды.***




# ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУ КЕРЕК

Олар нысандарды аралап қана қоймай, пандустарды, дабыл нүктесі мен санитарлық тораптарды іс жүзінде сынап көрді. Бұл ретте комиссия құрамына енген «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абзал Әбжаппаровтың еңбегін айтпай кетпеске болмас. Өміріне қауіп төндіретін пандустармен жүріп өткен ол кәсіпорын мен мекеме басшыларымен тығыз жұмыс жасап, қажет жағдайда кеңес беруге әзір екенін көрсетті.

Алғашқы нысан қалалық сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорынында бүгінде мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындарға жағдай жасау жұмыстары сәтті аяқталған. Жалпы, соңғы онжылдықта күрделі жөндеу көрмеген ғимарат жаңа кейіпке еніпті. Енді коммуналдық қызмет төлеуге келген арбаға танылған тұлғаларға кіріп-шығуға, кассада барынша жағдай жасалған.

– 2021 жылы ғимаратты жөндеу кезінде пандус пен кіреберістің құрылысы үшін 1 млн 500 теңге бөлдік. Бұл қаражатқа «Danta-KZ» ЖШС екі айдың ішінде талаптарға сай пандус орнатып берді. Біздің мекемеге келген мүмкіндігі шектеулі тұрғынды даладан күтіп алып, қызмет көрсету залына апаратын арнайы маман да бөлінді. Инвотаксиге автотұрақтан бөлек орын бөлу жұмыстары полиция басқармасының жол патрульдік қызметімен бірлесе жүріп жатыр, деген кәсіпорын басшысы Ахметолла Мырзалиевке ерекше жандарға арнап кезексіз касса ұйымдастыру, пандусқа шатыр жасау тапсырмасы берілді. Шатыр біз аралаған бес нысанда да жоқ. Кейбір нысаннан шатыр түгілі талапқа сай пандусты көру мұң болды десе, артық айтқандық емес. Мысалы, «ҚазПошта» АҚ-ның Желтоқсан көшесіндегі филиалы ғимаратының пандусы көз алдау үшін жасалған. Мамыр айында өткен аралау барысында пошта бөлімшесі басшысына арнайы ұсынымдар берген комиссия мүшелері олардың бірі де орындалмағанына ашынды. Мән-жайды білмек болған бізді карантин шектеулерін желеу еткен күзетші ішкі кіргізбеді. Басшылықты шақыруды сұрағанымызда «филиал басшысы да, оның орынбасары да жұмыста жоқ» деген жауап алдық. «ҚазПошта» АҚ-ның филиалы басшылығына комиссияның келетіні бір күн бұрын ескертілгенін алға тартқан жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бөлімше меңгерушісі Мұрат Райымбеков қатаң шараға көшуден басқа амал қалмағанын айтты. Қалалық емханада да дәл осындай көрініске тап болдық. Кіші персоналмен тілдесуге тура келген комиссия мүшелері пандустың қоршаулары дымқыл шүберек көрмегеніне куә болды. Ғимаратқа әупірімдеп кірген Абзал Әбжаппаров:

– Қалалық емханаға медициналық көмек алуға келетін мен сияқты науқастар дәрігерге қалай кездеспек? Дәрігерлердің барлығы екінші қабатта қабылдайды. Санитарлық торабына ортатылған тіреуіштердің барлығы осал. Медициналық мекемедегі жағдай осындай болса, өзгесінен не сұрамақпыз, – деп шамданды.

С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхана мен №3 жалпы білім беретін мектепте де ерекше қажеттілігі бар жерлестерімізге кедергісіз қолжетімділік жасауда олқылықтар бары анықталды. Дегенмен, қос мекеменің басшылары комиссия тарапынан айтылған ескертпелерді назарға алып, келеңсіздіктерді жою бойынша жұмыс жасайтындарын жеткізді.

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың жол картасына сәйкес алдағы апта қалалық жолдарды тексеруге кірісетінін айтқан Ләйлә Батырқызы мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға асықпайтын мекеме мен кәсіпорындарға заң бойынша шара қолданылатынын жеткізді. Атап айтсақ, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 83-бабына сәйкес мүгедектерге әлеуметтік нысандар мен көлік инфрақұрылымына қолжетімділікті қамтамасыз еткендерге 50 АЕК-тен 400 АЕК-ке дейін әкімшілік айыппұл салынады.

Жалпы, Жезқазған қаласында 4715 мүмкіндігі шектеулі тұрғын бар. Оның 368-і 16 жасқа толмаған балалар, 441-і I топтағы, 2552-сі II топтағы, 1354-і III топтағы мүгедектер. Арбаға танылған балалар мен ересектердің саны –152.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ – ЗАМАНАУИ МІНДЕТ

***Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік мекеме. Архив – тарихи шежіре қоймасы ғана емес, әрбір ұлт тарихының қазынасы. Ата-бабаларымыздың тарихын ғана емес, олардың арман-тілегін, ақыл-ойын, даналығы мен даралығын, парасаты мен үлгі-өнеге өсиеттерін сақтап отыратын киелі орын. Қазақстан архивтерінің мемлекет тарихының қалыптасудағы рөлі өте зор. Тәуелсіздік жылдары елімізде бұл жұмыс бұрынғыдан да пысықтала түсті. 1998 жылы 22-ші желтоқсанда қабылданған «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шын мәнінде архив ісін жаңа сатыға көтерді. Алдымен архив қызметін жетілдіру бағытында бірнеше құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылды.***

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2017 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама ел тұрғындарының қолжетімді мемлекеттік қызмет алуларына жол ашады, жеке тұлғалардан келіп түскен қағаз тасығыштағы өтініштер санын азайтуға өте тиімді. Сонымен бірге, мекеме жұмысын ашықтыққа негіздейді, жемқорлыққа жол бермейді.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві және жеке құрам жөніндегі филиалы жыл сайын Қазақстан азаматтарымен қатар алыс-жақын шетел азаматтарының заңды құқықтарын қорғайтын архивтік анықтамалар берумен жұмыс жасап жатыр. «Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві» КММ-сі 2018 жылы – 3205, 2019 жылы – 4396, 2020 жылы – 5299, 2021 жылдың алғашқы алты айында 2905 архивтік анықтама өтініштер орындалды.

Мемлекеттік архивтің негізгі қызметтік бағыттарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарын (өтініштерін) орындау болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мемлекеттік архив Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығымен бекітілген «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын басшылыққа алады.

Мемлекеттік архив төмендегідей әлеуметтік-құқықтық сұраныстар қабылдайды: Жезқазған қаласының немесе Жезқазған облысының атауының өзгеруін растау; Жезқазған аумағында орналасқан ауыл, кент, өндіріс орындары мен ұйымдардың атауларының өзгергендігін және қайта құрылғандығын растау; сұраныс бойынша жасалған жылдарға еңбек жалақысын беру мен растау; оқу орындарында (институт, университет, училище, колледж т.б.) оқығандығын растау; нотариалдық іс-әрекеттердің нақты уақыты мен жасалған мекенжайы, іс-әрекетке қатынасушылары анық болған жағдайда нотариалдық іс-әрекеттерді растау; Жезқазған қалалық және Жезқазған облыстық әкімшіліктің шешімдері; Жезқазған қалалық сотының азаматттық және қылмыстық сот бойынша шешімдерін растау; марапатталғандығы жөнінде «Еңбек ардагері», «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы», «Алтын алқа», «Күміс алқа», және тағы басқа берілгендігін растау.

Заң талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру үш бағытта жүргізіледі:

- Азаматтар архивтік анықтамаларды алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы да жүзеге асырылады.
- қызмет берушінің кеңсесі.

Қазіргі уақыттағы елдегі эпидемиологиялық мәселеге байланысты қызмет алушылар үйден шықпай-ақ архивтік анықтама алуға сұраныс (өтініш) жібере алады, сондай-ақ олардың сұранысына «электрондық үкіметтің» порталы арқылы жауап ала алады. Архивтік анықтаманы алуға сұранысты электронды түрде Қазақстан Республикасының «Электронды үкіметінің» egov.kz порталында беруге болады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны және мерзімі көрсетілген хабарлама беріледі. Көрсетілген қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде архивтік анықтаманың нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

Қазіргі уақытта құжаттардың толық түспеуінен көптеген архивтік сұраныстарға толық ақпаратты бере алмаушылық мәселесі туындап отыр. Атап айтсақ, бұрынғы тарап кеткен Жезқазған тоқыма фабрикасы, «Зеңгі» акционерлік қоғамы, «Нан өнімдері», «Жезқазған қаласы әкімінің су және мелиорация басқармасы», «Промстрой» банк, Жезқазған облысы әкімінің автошаруашылығы, Жезқазған облыстық телекоммуникация және қалалық телекоммуникация мекемесі, Облыстық білім департаменті, «Облыстық жұмыспен қамту орталығы», «Жезқазған облысының жылжымайтын мүлікті тіркеу және бағалау басқармасы», «Облыстық сауда және қызмет көрсету басқармасы», «Карагандагорсельпроект», т.б мекемелер. Жұмыс істеуін тоқтатқан мына ұйымдар, мекемелер архивке құжаттарын тапсырмаған: «Джезказгансельстрой» тресі, Жезқазған облгаз, «Рембыттехника», «Бетпақдала мемлекеттік шаруа қожалығы», «Гарант», «Достық», «Бухгалтерлік мектеп», «Жезлада», «Средазэнегроцветмет», «Автомотосервис», ДОСААФ, көптеген жекеменшік мекемелер, өндірістік бірлестігі т.б. Осындай мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеген азаматтар кейіннен зейнетке шығарда архивтен растайтын архивтік анықтамадан оң жауап ала алмайды.

Егер де барлық мекемелер, ұйымдар, өндірістер, кәсіпорындар құжаттарын дер кезінде өткізіп отырса, онда бұндай жағдайлар орын алмас еді. Сондықтан, өз қызметкерлерінің зейнеткерлікке шығуына жауапты әр басшы жеке құрам бойынша құжаттарды уақытында жүргізіп, мекеме жабылған жағдайда архивке өткізуге тиісті. Архив қызметкерлері тарапынан архив қорының ақпараты құнды құжаттармен толықтырылуына ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік сақтауға құжаттарды толық, сапалы өткізген жағдайда халықтың сұранысына оң жауап беруге ықпал етеді. Халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету бүгінде мемлекет дамуының аса басты бағыты болып табылады.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде «Өзіне өзі қызмет көрсету» бұрышы ашылған, кез келген қолында электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ барлар үшін) немесе «Бір реттік парольді» (ЭЦҚ жоқтар үшін, бірақ басу қажет) бар қызмет алушылар «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметіне өтініш бере алады.

Қоғам өмірінде зор ақпараты бар құжаттардың үлкен жиынтығын сақтайтын архив мекемелері қызметтерінің автоматтандырылуында жаңа технологиялардың пайда болуы қазіргі кезде іске асырылған қызметтерге қарағанда жоғары сапалы қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

**Гүлзат ЖАКЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің жоғары санатты архивисі**

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биылдан бастап қалалардағы тұрғын үйлерді басқару саласында реформа жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, бұрынғы ПИК-тің орнына мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) немесе жай серіктестік (ЖС) ұғымы қолданысқа енгізіліп, көп пәтерлі үйлер енді жаңа формамен басқарылады. Яғни, 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін көп қабатты үй тұрғындары кондоминиумды басқару түрі ретінде осы екі басқару түрінің бірі таңдалады.***

# ТҰРҒЫН ҮЙДІ БАСҚАРУ РЕФОРМАСЫ

## *2022 жылдың 1 шілдесіне дейін аяқталуы тиіс*

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған пәтер иелері кооперативі қызметін 2022 жылдың 1 шілдесінде тоқтатады. Көп пәтерлі тұрғын үйлер тұрғындарының уақыттары болғанына қарамастан, қазір басқару нысандарын таңдауды нақты анықтау қажет. ПИК ұзақ уақыт жұмыс істейді және қызметкерлер өз үйлерін, инженерлік жүйелерін, қандай мәселелерді уақытында шешу керек екенін біледі, бірақ тұрғындар ПИК жұмысының сапасына қанағаттанбайды. Қалалық әкімдікке, әлеуметтік желілерде, ПИК-тің жұмысына шағым көп түседі. Атап айтқанда тұрғындар кіреберістер мен аулалар тазартылмайды, үйлер мен оның кіреберістері жөнделмейді деп шағымданады да жатады. Сондықтан, кондоминиум объектісін басқарудағы өзгерістер тұрғындарының нақты қажеттілігінен туындап отыр.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының мүлік иелерінің бірлестігі мен жай серіктестік енгізу туралы реформасы бойынша көп қабатты үй тұрғындарына МИБ және жай серіктестік құру бойынша түсіндірудің жол картасы бекітілген, соған сәйкес тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Негізгі ережелерді түсіндіру және басқару нысанын таңдау үшін пәтерлер мен көп пәтерлі үйлердегі меншік иелерінің жиналыстары өткізілуде.

Алғашқы қадамдардың бірі – кем дегенде үш адамнан тұратын үй кеңесін 3 жыл мерзімге сайлау. Үй кеңесі пәтер иелерінің мүдделерін білдіреді, әр үйде дерлік белсенді тұрғындар бар. Олар көбінесе зейнеткерлер, бұрыннан бері тұратын адамдар, үйдің жағдайына бей-жай қарамайтын жастар. Сол кеңес одан әрі басқару формасын, яғни МИБ-ті немесе ЖС-ні таңдауы керек.

МИБ – заңды тұлға. Ол өз Жарғысына сай сенімхатсыз пәтерлер мен үй-жайлардың меншік иелерінің мүдделерін білдіретін төрағаны таңдайды. Ал, жай серіктестік заңды тұлға емес. Мұнда пәтер иелері сенімді басқарушыны өздері таңдауы керек.

Тұрғын үйлерді басқарудың жаңа формасының ПИК-тен басты айырмашылығы ретінде әр үйге арналған екінші деңгейлі банктерде жеке есеп айырысу және жинақ шотының болуын, тұрғындар олардың жарналары үйінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға кететіндігіне сенімді бола алатынында.

ЖС бойынша меншік иелері кондоминиум нысанын басқару және ортақ меншікті ұстауға еңбек жарналары арқылы қатыса алады.

Сондай-ақ, пәтерлер мен үй-жайлардың иелері қызметтердің тарифтерін есептеуі керек. Қазіргі таңда ПИК-те қолданыстағы тарифтер 1 шаршы метр үшін 21-ден 24 теңгеге дейін. Тарифтерді бекіту кезінде көп пәтерлі үйді күтіп ұстау кезінде қандай шығындар болатындығын нақты ескеру қажет. Жарналарды бөлу қағидаты сақталды. Бұл дегеніміз жиналған қаржының 25% кондоминиум нысанын басқаруға, 5% кеңсе тауарларын алуға, 70% үйдің өзін ұстау үшін жұмсалатын болады.

МИБ төрағасы сервистік компаниямен тікелей келісім-шарттар жасасады және олардың орындалуын талап етеді. Келісім-шартта қажетті жұмыстар көрсетіледі, үйді күтіп-ұстау, оның ішінде аумақты жинауды сервистік компания жүзеге асырады. Сонымен бірге, МИБ төрағасы ай сайын тұрғындарға атқарылған жұмыстар туралы есеп береді. Жинақ шотта күрделі жөндеуге қажетті қаражаттың 50% жиналған жағдайда екінші деңгейлі банктерден күрделі жөндеу жүргізуге төмен пайызбен қарыз алу мүмкіндігі бар. Жезқазған қаласында бүгінгі күні кондоминиум нысандарына қызмет көрсететін сервистік ұйымдар жұмыс істейді. Тұрғындар әлеуметтік желілердегі жарнамаларды қолданатын сервистік компанияларды таңдай алады немесе ПИК-тен ақпарат ала алады

Көпқабатты үйлердің тұрғындары ПИК жарамдылық мерзімі 2022 жылға дейін шектеулі екенін түсінуі керек және олар басқару нысаны – мүліктің меншік иелері бірлестігін немесе жай серіктестікті туралы таңдау жасауы керек. Осы күнде Жезқазған қаласында 5 мүлік иелері бірлестігі және 2 жай серіктестік тіркелді. Олармен әрбір үйге қанша шығын кететіні, шоттарда қанша қаражат жиналатындығы туралы өзекті сұрақтар талқыланды.

Бізді алда кондоминиум объектісін басқарудың жаңа түрлерін түсіндіру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Бұл жұмыс бүгінде басталып та кетті. Жылдың соңына дейін 300 көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарымен кездесу өтеді деп жоспарланған. Қазір тұрғындардың көкейінде жаңашылдыққа қатысты сан сауал барын білеміз. Сондықтан, оларға жауап беру үшін «Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Instagram», «Facebook» әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар ашты, сондай-ақ, жезқазғандықтар бізге **735613** телефон нөмірі бойынша да хабарласа алады. Сонымен, ПИК-тің орнына жаңа басқару түрін осы күннен бастап таңдау қажет.

**Алиса САҒЫМБАЕВА,**
**«Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!




***Сыбайлас жемқорлық – қоғамды құртатын кесел. Одан келер зиян мен зауал соғыстан да қауіпті. Себебі әділдіктен ада, бармақ басты, көз қыстылығы көп қоғамның келешегі бұлыңғыр болатын ақиқат. Мұндай қоғамы бар елдің дамуы да тұралайды. Ал дамуы артта өққалған елден білімді, еңбекқор жастар да безеді. Білімді жасы жоқ елдің болашағы тіптен күңгірттене түсері сөзсіз.***

# ПАРАСЫЗ ҚОҒАМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

2014 жылы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» қабылданды. Осы стратегияда да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі таңда жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары жұмыс істейді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.Алғашында үрке қараған бұл жүйеге қазір көзіміз үйренді. Халқымыз бұл жүйенің тиімділігін мойындады.

Қазіргі таңда баланы балабақшаға, мектепке беру үшін де бұрынғыдай жауапты мамандармен кездесіп, оларды келістірудің амалын қарастырудың қажеті жоқ. Үйде отырып-ақ электронды үкімет көмегімен қалаған білім ошағына кезекке тұра аласыз және өз кезегіңізді біліп отырасыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге, жаңғыртуға бағытталған бес негізгі басымдылықты белгілеп берді. Мұнда бесінші басымдықтың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Онда: «Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажет. Маңызды мәселенің бірі – сатып алу саласын жетілдіру. Үкіметке мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша енгізуді тапсырамын. Квазимемлекеттік секторда, табиғи монополия және жер қойнауын пайдалану салаларында да сатып алу шараларын өткізу әдістерін түбегейлі қайта қарастыру керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс» делінген. Ия, расында да біздің қоғам ел арасында сыбайлас жемқорлық көп деп шағымданады. Дегенмен өздері сол сыбайлас жемқорлыққа жол беретінін ескере бермейді. Мысалы, көлік жүргізушісі, жол ережесін бұзды делік. Жол патрульді полициясы тоқтатқан мезетте мәселені лауазымды таныстарын салып немесе ақша беру арқылы шешуді құп көретіндер көп. Өз кезегінде бұл елдің дамуына балта шабатын әрекет екенін ескергісі, елегісі келмейді. Біздің қоғамда парақорлық жұмысқа орналасу кезінде де белең алғанын білеміз. Бір бос жұмыс орнына кем дегенде 2-3 адам таласқан уақытта сол орынды білімді азамат емес, таныс-тамыры, «аға-көкесі» барлар иемденіп кетіп жатады. Шамаңыз келмесе басқа орын іздеуге немесе сол орынға нағыз азамат сияқты байқауға қатысып, өз қарым-қабілетіңізді, біліктілігіңізді дәлелдеп орналасуға болады ғой. Бірақ біз көбіне жанымызды қинамай, оңай жолды таңдауға асық болып тұрамыз. Дейтұрғанмен оңай, теріс жолмен келген ақша, біреудің жолын кесін тапқан нан адалынан болмайтыны, одан жолыңыз ашылып сала берері неғайбыл.

Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзіне байланысты. Жемқорлықтың алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу – әркімнің міндеті екенін ұғыну шарт. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

**Әсем АСАНХАНОВА,**
**«Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы**

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

*Тура 8 жыл бұрын, қазанның соңғы аптасында металлургтер мекеніндегі Серке Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театры ғимаратында Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының үш жүзге тарта тұрғыны қатысқан жиында «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің тұсауы кесілді. Әлеуметтік желіде «Кетбұқа» сайты ашылды. Қоғамдық қор, Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында бірлестіктің бөлімшесі құрылды. Қоғамдық бірлестік қасынан «Кетбұқатану және өлке тарихы» атты ғылыми-зерттеу орталығы өз жұмысын бастады. Тарихи тұлғаны ортамызға оралтып, өскелең ұрпағымен қайта табыстырған қоғамдық бірлестіктің қызметі туралы оның төрағасы Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төлеген БҮКІРОВПЕН тілдескен едік.*




*Төлеген БҮКІРОВ:*

# «КЕТБҰҚА» ТУРАЛЫ ТАРИХИ РОМАН ЖАЗДЫРУ ОЙДА БАР»



***– Баба бейнесі – бізбен бірге – Тарихта Кетбұқа есімді талай кесек тұлға болғанын білеміз. Жалпы мәліметке жүгінсек, ұзын-ырғасы жиырмаға жетіп жығылады, арасында осалы жоқ. Міне, тарихшы-ғалым біткен қаламын безеп, пікірталас қызған тұста қаймықпай керегесін жайып, шаңырағын көтерген қоғамдық бірлестікке қиындық кездескен жоқ па?***

– Мұндай жауапты қадамды аяқ астынан аттандамай, жан-жақты дайындықпен жасадық. Қоғамдық бірлестік құрылғасын даңқты тұлғаның есімін, ерлігін дәріптеу, жұртшылыққа кеңінен таныстыру мақсатында Жезқазған қаласының Құрметті азаматтары жергілікті газетте үндеу жариялады. Қоғамдық бірлестіктің белсенді мүшелері мекемелер мен оқу орындарында көптеген кездесу өткізді. Әртүрлі деңгейдегі газет-журналда бірнеше мақала басылды. Хабары Қазақстанға тарайтын жергілікті «Дидар» телеарнасы тарихи-танымдық хабарлар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырды. Жезқазған қалалық «Нұр Отан» партиясы ғимаратында «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» деген тақырыпта жас ғалымдардың республикалық ғылыми-теориялық конференциясын өткіздік.

Сәулетшілер мен суретшілер арасында Кетбұқа бабаның бейнесін бедерлейтін еңбекке байқау жариялап, Ш. Сейіткенов пен Ө. Жүнісбеков бірлесіп жасаған жұмысқа таңдау түсті. Күзде Елордадағы «Фолиант» баспасынан «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» атты жинақ 3000 данамен жарық көрді. Оның тұсаукесеріне еліміздің түпкір-түпкірінен елуге жуық танымал тарихшы-ғалым қатысты, ой-пікірін ортаға салды. Кейін Ж. Артықбаевтың «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» атты тарихи-танымдық кітабы, К. Ахметовтің «Ұлылыққа тағзым – ұрпаққа тағылым» жинағы, Б. Мырзабековтің «Аманат» романы көпшіліктің көзайымына айналды. Кітаптар Қазақстан аймағына, кітапхана, мұражай мен мұрағатқа, оқу орнына тегін таратылғанын айта кеткен артық болмас.

Батырлығымен танылған Кетбұқа баба керемет дәулескер күйші болған. Мәселенің бұл жағы да назардан тыс қалмады. 2015 жылы жазда Жезқазғанда күйші, профессор Жанғали Жүзбаевтың «Ақсақ құлан. Кетбұқаның күй мұрасы» атты жинағының тұсаукесері өтті. Жинаққа Кетбұқаның жиырма шақты күйі енгізіліп, нотаға түсірілген. 2019 жылы күзде ұйымдастырылған «Ақсақ құлан. Кетбұқа би күйлері» атты халықаралық күйшілер байқауына Қытайдан, Монғолиядан, Қазақстаннан, барлығы 38 күйші қатысты. Керемет өнер мерекесі болды.

## КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ, БАЙЫПТЫ БАСҚОСУ

***– Төлеген Нұрмағанбетұлы, Жезқазған-Ұлытау аймағында айтарлықтай шаруа атқарылғанын аңғардық. Ал, елдің өзге өңіріне ат ізі салынды ма?***

– Әрине! Ондай шараны 2014 жылы күзде Қызылордадағы С. Майқанова атындағы драма театр ғимаратында тұрғындармен кездесуден бастадық. Келесі күні Жаңақорғанда Ер Төлегетай мен Қылышты Қожаға берілген асқа қатысып, құран бағыштадық. Сол жиында Тағанбай қажы Шамбұлов көпшіліктің алдында сөз сөйлеп, Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген ағайындарға «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» жинағын сыйға тарттық. Тура үш жылдан кейін облыстық мәдениет, мұрағаттар мен құжаттама басқармасының, Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен біздің бірлестіктің ұйымдастыруымен жоғары оқу орнында «Х-ХІІІ ғасырлардағы түркі қоғамы және оның тарихындағы Кетбұқаның орны» атты халықаралық ғылми-тәжрибелік конференция өтті. 2015 жыл елеулі екі оқиғамен есте қалды. Біріншісі – ақпанда Л. Гумилев атындағы ұлттық университетінде «Қазақ елінің қаһармандық тарихы және Кетбұқа тұлғасы» тақырыбымен өткен конференция. Онда ғылым докторлары Д. Хамзабекұлы, Р. Тұрысбек, Ж. Әскербекқызы, Т. Жұртбай, Ж. Артықбаев, Қ. Сартқожаұлы, О. Темірбекұлы баяндама жасады. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Ө. Байкелді, Ғ. Есім, М. Көпеев, Қ. Салғарин, Ж. Қалиев, сенатор С. Ақылбай, академик С. Қасқабасов қатысып, сөз сөйледі. Екіншісі – қыркүйекте Өскеменде Кетбұқа ноян мен Төлегетай бабаға арналған мәдени-рухани шара. Соның аясында өткізілген, 40 ақын қатысқан мүшәйрада Бас жүлде «Кетбұқаның соңғы күйі» поэмасына бұйырып, авторы Ғазиз Ештанаев Жезқазғанға жеңіл автокөлік мініп қайтты. Бірінші орынды Кенжебай Ахметовтің «Қылыш жүзіндегі ғұмыр» поэмасы алды. 2019 жылы 14-15 маусымда көрші Қырғыз елінің Баткен облысындағы Қадамжай қаласында Кетбұқа бабаның туғанына 835 жыл толуына және «Айхан» күйіне («Ақсақ құлан» күйі) арналған халықаралық тарихи-мәдени конференция өтті. Осы іс-шараға Түркістан облысынан екі делегация қатысты. Жезқазғаннан өлкетанушы, тарихшы Кенжал Балкенов екеуміз бардық, мен конференцияда баяндама жасадым. Өкінішке орай, мынау індет көп нәрсеге кедергі келтіріп тұр. Соған қарамастан, былтыр бас бәйгесіне бір миллион теңге жүлде тігіп, онлайн-форматта халықаралық мүшәйра өткіздік, оған қатысқан 69 ақынның өлеңі жеке жинақ болып шықты.

## ЕРГЕ ЛАЙЫҚ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ

***– 2017 жылы қарашада қаланың қақ ортасындағы Ғарышкерлер саябағында Кетбұқаға қойылған ескерткіш ашылды. Металлургтер мекенінің мәдени өміріндегі елеулі оқиғаны қала жұртшылығы жылы қабыл алды. Салтанатты жиынға облыстың сол кездегі әкімі Е. Қошанов, Халық қаһарманы М. Алтынбаев, мемлекет және қоғам қайраткері М.Көпеев, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Өскемен, Алматы, Атырау, Астана, Қарағанды қалаларынан арнайы келген делегациялар мен қала қонақтары қатысты…***

– Иә, дұрыс айтасыз. 2015 жылы тамызда Жезқазған қаласында Кетбұқа бабаға ескерткіш орнатуға келісім беру туралы ҚР Мәдениет министрлігінің жанындағы комиссияның шешімі шығысымен іске кірістік. Қала әкімінің қаулысымен ескерткішке байқау жариялаудың ережесі мен байқау комиссиясының мүшелері бекітілді. Ескерткіш орнату ережесінің тәртібіне сәйкес байқау шарттары «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттеріне жарияланды. Байқау комиссиясының келесі жылғы ақпандағы алғашқы отырысында 7 үміткердің еңбегін електен өткіздік. Наурызда екеуіне ен тақтық. Ал, қыркүйекте Елордада өткен отырыста мемлекеттік комиссия мүсінші Асқар Нартовтың (жоба жетекшісі О. Секеманов) жұмысын жеңімпаз деп шешім қабылдады. Ескерткішті тұғырымен қоса орнатуға 3 мекемеден коммерциялық ұсыныс түсті. Қоғамдық бірлестіктің кеңейтілген отырысында түскен ұсыныстар талқыланып, ұсынған бағасы арзан әрі орнату мерзімі тиімді елордалық «Балқыту» ЖШС таңдалды. Қаржыландыру жағын «Қазақмыс» компаниясы мойнына алды. Қоғамдық бірлестіктің шешімімен ескерткішті орнату жұмысын қадағалайтын және қабылдап алатын комиссияның құрамы бекітілді. Әңгіме орайында ескерткіш тұғырының сметалық жобасын – «Қазақмыстың» Бас жобалау институты, ескерткіш жобасына сараптаманы – «Жезқазған-Сарапшы» ЖШС, құрылысқа техникалық қадағалауды «Ж.А.Н.А-құрылыс» ЖШС тегін жасағанын айта кеткім келеді. Қоғамдық бірлестіктің 2017 жылғы желтоқсандағы отырысында Кетбұқа баба ескерткішін жезқазғандықтарға тарту туралы шешім қабылданды. Оның тиісті құжаттары Жезқазған қалалық әкімдігіне тапсырылды. Қала әкімі 2018 жылы 28 ақпанда ескерткішті қабылдау актісін бекітті. 2019 жылы шілдеде «Қазақмыс» өз қаржысына ескерткіш жанына мемориалдық кешен орнатты.

## КӨП ІС ТЫНДЫ, ЖОБА ДА ЖЕТКІЛІКТІ

***– «Өкінішке орай, мынау індет көп нәрсеге кедергі келтіріп тұр» дегенді айтып қалдыңыз. Құпия болмаса, ойыңызды бөлісе отырсаңыз…***

– Оның ешқандай құпиясы жоқ, қайта көпшіліктің құлақтана бергені артық емес. Басты-бастысына тоқталайын. Кетбұқа туралы тарихи роман жаздыру ойда бар, авторы белгілі, алайда, атын айтпай-ақ қояйын. Кетбұқаның күйлерін ғылыми тұрғыда зерттеу мен оны баспадан шығару бағытында жұмыс жүріп жатыр. Кетбұқа би атындағы халықаралық күйшілер байқауын дәстүрлі түрде өткізіп тұрсақ дейміз, сала министрлігі мақұлдап отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орта ғасырдағы түркі халықтары тарихындағы Кетбұқа тұлғасын зерттеу, оның нәтижесін ғылыми айналымға енгізу мақсатында ғылыми жобалар дайындалуда. Жоғары оқу орындарында тарих, филология мамандықтары бойынша білім алушылардың диссертациялық жұмыс тақырыптарын қалыптастыру жолымен Кетбұқаның мұраларын жүйелі түрде ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ойда бар. Колледждерде, мектептерде Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасына қолбасшы, аталық, жырау Кетбұқа туралы арнайы тақырыптар енгізуді, сонымен қатар, білім беру мекемелерінде тәрбие сағаттарын өткізуді жүйелі түрде қолға алуды ойластырудамыз. Мынау індеттің беті қайтқасын Жезқазған қаласы әкімдігінің қолдауымен Кетбұқаның мұрасын жинастыру мақсатында шет мемлекеттерге этнографиялық экспедиция ұйымдастырамыз. Кетбұқа мұраларын насихаттау мақсатында күйшілер мен жыраулар сайысын өткізуді дәстүрге айналдырамыз.

***– Әңгімеңізге рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін.***

**Сұхбаттасқан Әлібек ӘБДІРАШ.**

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

# ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА



Тұралы ағамыз туралы жазу қиындау болады. Есейген шақтан гөрі балалық кезде көңілінде ұялап, көз алдымдағы жәйіттерді баяндауды жөн көрдім. Баланың көзі көргенді қаз-қалпында қабылдап, қосымша сурет және пікір қоспайтын шығар деп ойладым. Оқиға былай болды. Елуінші жылдардың басында біздің мектепке жаңа мұғалім келді. «Ұлытау» көмекші шаруашылығының бұрынғы Қызылтау бөлімшесінен. Ол бөлімше Аманкелді атындағы ұжымшардың қарауына берілген екен. Мұғалімнің отбасы Мырзамсейіт болыстың қызыл үйіне, біздің мектепке қарсы екі бөлмеге орналасты. Мұғалімнің аты-жөні Мұқитбек Батырбеков болатын. Ақсары, шашын шалқасынан қайырған, денелі, қол-аяғы балғадай, ірі кісі. Құдайдың құдіреті 2-3 ай сабақ берген соң ауырып, іле төсек тартып жатып қалды. Сонда Тұралы Әшенұлы 5-6 жеті бізге сабақ берді. Өзі сол мұғалімнің үйіне жатты. Туысы екен. Тоғайдан ағаш кесіп әкеліп, бұтап, үйдің ішіне кіре беріске тау қылып жинап қойды. Самаурынға бұталап ағаш кесіп, оны бөлек үйді. Жанында әрдайым мұғалімнің бізден 4-5 жасы кіші ұлдары Болат пен Самат жүреді. Ол келгенде Мұқитбек мұғалімнің де көңілі көтеріліп, отбасы арқа-жарқа болып, бір жасап қалады. Қожа Ахмет Яссауидің «Қам көңілдің қайғысына дауа бол» деген өсиеті осы ғой деп ойлаймын бүгін.

Кішітау ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы уақытша тағайындалған Тұралы мұғалімді сынып оқушыларына таныстырды. Ол кезде есімі партиямен қатар аталатын, мұғалімге деген құрмет те, қошемет те зор еді. Әлі есімде мұғалімді көре қалсақ, қыстың қаһарлы аязына қарамастан бас киімімізді шешіп амандасатынбыз. Сол қат заманда ауыл дүкенінде мұғалімге арналған азық-түлік сөресі болатын

Аты-жөнін білмеймін. Бірақ, мұғалімнің Қарағанды қаласында педагогикалық училище бітіргенін екі рет қайталап айтты.

– Ол не? – деп отырған ата-аналардың бірі сұрақ қойды.

– Ол ұстаздар дайындайтын жоғарғы кеңестік оқу орны, – деді жауабында ауылнай. Бірінші «Ана тілі» пәнінен еді. Жылдың төрт мезгілі сабақтың тақырыбы. Тұралы мұғалім жылдың 12 айын саусақтарымызбен санатып, ажыратып, қайталау сұрақтармен бекіткендей болды. Сонан кейін қыс, көктем, жаз, күз жайлы Абайдың өлеңдерін оқып, жаттап келуді тапсырды. Өзі оның бәрін нақышына келтіріп, анық әдемі айтып тұр. Жаңа мұғаліммен тез үйренісіп кеттік, кетерінде қимадық.

– Неге кетесіз, жазға дейін істемейсіз бе? – деді ішімізден өткірлеу біреуіміз.

– Ол болмайды, райононың приказы осындай. Басқа мектепке барамын, – деді. Ол сөзімізді бала деп аяқсыз қалдырмады. Бізге үлкен кісілер сияқты жауап берді. Риза болдық. Мұғалім де бізді қимайтынын білдірді. Үлкен алақанымен қолымызды алып қоштасып, әрқайсысымызға 3 бояу қарандаш, 5 дәптерді ұсынды. Сонан бері талай естелік сыйлық алдым. Бағасының қымбаты да бар. Содан бері 70 жылдай уақыт өтті. Бірақ, Тұралы мұғалімнің шәкірттеріне сол құрметі есімде кешегі сияқты қалып қойды.

Ержеттім. Жиырмадан сәл асқанымда өзім өскен Ұлытау ауданының Аманкелді атындағы кеңшары партия комитетінің хатшысы болып сайландым. Қазір де ауылдың коммунистеріне маған сенімі үшін риза болып отырамын. «Бақсам бақа» екен демекші, партком хатшысының жұмысы «таза» партия шаруасы емес екен. Өмірдің өзі сияқты саясат та, шаруашылық та, жеке адамның өтініші де қамшыдан өріліп, тұтасып жатады. 1962 жылы қазанның басында кеңшар директоры Ағайынбек Бабатаев ағамыз Жезқазғанның ет комбинатына барып, бір отар тұсақты етке өткізерсіз деп қолқа салы. Өзі Алматыға үлкен бір жиынға қатысу үшін ұшып кетті. Ферма басқарушысы Есентай Мамықов екеуміз ет комбинатының директорына кірдік. Ол мәселелерімізді малды қабылдау тобының жетекшісі Тұралы Берденов шешеді деді. Тұралы ағамыз бізді жылы қабылдады. Елді, ағайын-туыстарын, жолдас-жораларын, шаруа жайын сұрап жатыр. Біздің өтінішіміз 500 бас жаз жайлауда семіртілген үш жасар дерлік еркек азбанды 1-2 күнде етке тапсырып, ауылға қайту еді. Түрекеңнің әріптестері Арқалықпен сөйлесіп, онда қарлы жаңбыр, мал шыққан жоқ деді, ал «Жеңіс» кеңшарының басшылары еттік малды қазан айының басында автокөлікпен жеткізетін болыпты. Ертеңіне малымыз кірге түсті, қоңдылығы анықталды. Есентай аға кеңшар еттен жылдық жоспарды орындайтын болды, малдың қоңдылығы көрсеткіші де көбейді деп қуанып жатыр. Мен ет комбинатына ет қабылдау үлкен біліктілікті, сабырлы мінезді, ғылымның зоотехника саласынан білімді талап ететін байқап отырдым. Екі мүдделі жақтың (саудагер мен сатарман) ой-пішіні қалың есептің арқасында бір арнада тоғысты. «Ғылымның ең күштісі есеп қой», – деді мал қабылдау тобының жетекшісі Тұралы ағамыз. Соның және адалдықтың арқасында осы қызметте жиырма жылдай істегенде артымнан бір ауыз жаман сөз ермепті.

Түрекең, жан жары Бану бүгін арамызда жоқ. Артында жауқазындай жайнап ұрпағы өсіп келеді. Алланың бергеніне тәубе дейміз. Барлығы – баба атасы сияқты байсалды, көздерінде бір жылулық бар, ғылымға, өнерге құмар, адам баласын бауыр тартқан, қоғамшыл жандар. Оларды кездесіп бірге болғанда кешегі білім-тәлім алған ұстазымыз, қасиетті апамыз ортамызда жүргендей болады. Олардың рухымен тілдескендей, сырласқандай боламыз. Осылай өмірді ұрпақтары жалғастыра береді.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ**

# КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛУҒА ҚАТЫСТЫ ҚМДБ МӘЛІМДЕМЕСІ

## Құрметті отандастар!

Ислам дінінде адамның өмірі мен денсаулығынан асқан құндылық жоқ. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығына аса мән беруі қажет.

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 195-аятында: **«Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмаңдар»**, – деп бұйырған.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Емделіңдер, расында Алла әрбір дертті шипасымен қоса жаратты»***, – деген.

Дана халқымыз: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», – деп шипа іздеуге үндеген. Сол үшін кез келген адам емделудің және аурудың алдын алу жолдарын қарастыруы тиіс.

Арнайы медицина мамандары қазіргі таңда әлемге қауіп төндірген коронавирус індетінің алдын алу үшін вакцинациялаудың адам денсаулығын сақтап қалудың қауіпсіз және тиімді әдіс екенін айтуда. Ал шариғатта екпе салуға рұқсат етіледі.

Өздеріңізге белгілі, әлемде және елімізде пандемиялық жағдай күн сайын күрделенуде. Жұқпалы derттен бір отбасында бірнеше адам жан тапсыруда. Бұл жағдай екпе салдыруға қатысты оң шешім қабылдау қажеттігін көрсетіп отыр. Осы ретте халықты барынша сақтанып, денсаулығымыз бен өмірімізді сақтап қалу үшін екпе салдыруға үндейміз.

Алла Тағала халқымызды жұқпалы індеттен сақтап, науқас жандарға шипа нәсіп етсін! Әмин!

## ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*Жезқазған қаласының уақыты бойынша*

| ҚЫРКҮЙЕК | Күні | Таң намазы | Күннің шығуы | Бесін намазы | Екінті намазы | Ақшам намазы | Құптан намазы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сәрсенбі | 05:16 | 06:44 | 13:32 | 18:12 | 20:13 | 21:41 |
| 2 | Бейсенбі | 05:18 | 06:46 | 13:32 | 18:10 | 20:11 | 21:39 |
| **3** | **Жұма** | **05:19** | **06:47** | **13:32** | **18:09** | **20:09** | **21:37** |
| 4 | Сенбі | 05:21 | 06:48 | 13:31 | 18:07 | 20:07 | 21:34 |
| 5 | Жексенбі | 05:23 | 06:50 | 13:31 | 18:06 | 20:05 | 21:32 |
| 6 | Дүйсенбі | 05:25 | 06:51 | 13:31 | 18:04 | 20:03 | 21:29 |
| 7 | Сейсенбі | 05:26 | 06:52 | 13:30 | 18:02 | 20:01 | 21:27 |
| 8 | Сәрсенбі | 05:28 | 06:54 | 13:30 | 18:01 | 19:59 | 21:25 |
| 9 | Бейсенбі | 05:29 | 06:55 | 13:30 | 17:59 | 19:57 | 21:22 |
| **10** | **Жұма** | 05:31 | 06:57 | 13:29 | 17:57 | 19:55 | 21:20 |
| 11 | Сенбі | 05:33 | 06:58 | 13:29 | 17:56 | 19:53 | 21:18 |
| 12 | Жексенбі | 05:34 | 06:59 | 13:28 | 17:54 | 19:51 | 21:16 |
| 13 | Дүйсенбі | 05:36 | 07:01 | 13:28 | 17:52 | 19:49 | 21:13 |
| 14 | Сейсенбі | 05:38 | 07:02 | 13:28 | 17:51 | 19:47 | 21:11 |
| 15 | Сәрсенбі | 05:39 | 07:03 | 13:27 | 17:49 | 19:45 | 21:09 |
| 16 | Бейсенбі | 05:41 | 07:05 | 13:27 | 17:47 | 19:43 | 21:06 |
| **17** | **Жұма** | 05:42 | 07:06 | 13:27 | 17:46 | 19:41 | 21:04 |
| 18 | Сенбі | 05:44 | 07:07 | 13:26 | 17:44 | 19:38 | 21:02 |
| 19 | Жексенбі | 05:45 | 07:09 | 13:26 | 17:42 | 19:36 | 21:00 |
| 20 | Дүйсенбі | 05:47 | 07:10 | 13:26 | 17:40 | 19:34 | 20:57 |
| 21 | Сейсенбі | 05:48 | 07:11 | 13:25 | 17:39 | 19:32 | 20:55 |
| 22 | Сәрсенбі | 05:50 | 07:13 | 13:25 | 17:37 | 19:30 | 20:53 |
| 23 | Бейсенбі | 05:51 | 07:14 | 13:25 | 17:35 | 19:28 | 20:51 |
| **24** | **Жұма** | 05:53 | 07:15 | 13:24 | 17:33 | 19:26 | 20:48 |
| 25 | Сенбі | 05:54 | 07:17 | 13:24 | 17:32 | 19:24 | 20:46 |
| 26 | Жексенбі | 05:56 | 07:18 | 13:24 | 17:30 | 19:22 | 20:44 |
| 27 | Дүйсенбі | 05:57 | 07:20 | 13:23 | 17:28 | 19:20 | 20:42 |
| 28 | Сейсенбі | 05:59 | 07:21 | 13:23 | 17:26 | 19:18 | 20:40 |
| 29 | Сәрсенбі | 06:00 | 07:22 | 13:22 | 17:24 | 19:16 | 20:38 |
| 30 | Бейсенбі | 06:02 | 07:24 | 13:22 | 17:23 | 19:14 | 20:36 |

*Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт*

Имандылық иірімдері

***Жақсы істің қарымын күту, жұмыстан кейін еңбекақы алу, игі амалдың нығметін көру, былайша айтқанда, бейнеттің зейнетін көру – адам табиғатына тән құбылыстың бірі. Пенде көп жағдайда кез келген істің өзіне пайдалы тұсын көздеп тұрады. Адамды махаббатпен жаратқан және оның бүкіл болмысын толық білетін Алла Тағала өз құлдарын жақсылыққа бұйырып, оның қарымтасы ретінде мәңгілік бақыт мекені болған жәннатын уәде етті.***

# ЖӘННАТ НЫҒМЕТТЕРІ

Аса рақымды, аса мейірімді Хақ Тағала өзіне иман еткен мұсылманды жәннат нығметтерімен қызықтырып әрі соған асығу үшін жақсылықта жарысуды әмір еткен. Бұл туралы екі дүниенің бақытына жетелейтін қасиетті кітабымыз Құранда: **«Пәк, (тақуа) жандар Нағым Жәннатында жай табады. Биіктіктердегі орнатқан жайларға жантая жайғасқан олар (Пейіштің таусылмас қызықтарын) тамашалаумен болады. Олардың жүздері қуаныштан, рахаттан нұрланып тұрады. Ал, олардың шөлдерін басу үшін әбден бабына келтіріліп дайындалған, иісі жұпар аңқитын, саф таза сусындармен сусындатады. (Оған қоса ұрттаған сайын) миск – әтірдей жағымды иісі аңқиды. (Шынайы қасиеттерді бағалаушылар (осындай рахаттарға қол жеткізу үшін ұмтылып) бір-бірімен жарыссын»** (*«Мутаффифин» сүресі, 22-26 аяттар*) деп баяндалған.

Адам баласы осы өмірде ең әуелі Алланың жарылқауымен және тынымсыз һәм тиянақты еңбектің арқасында белгілі бір табысқа немесе жетістікке қол жеткізеді. Ал, жәннат нығметіне бөлену сауапты істе үлкен табандылық пен тұрақтылықты талап етеді. Ол үшін ыждаһатты ықылас пен шынайы ниет қажет. Ниет пен ықыласқа ден қойылса, адам кез келген істің орайын табады және оны махаббатпен істейді.

Біздің пайымдауымызша, жақсылықта жарысу – Алланың разылығына бөленетін амалдарды көбірек жасау және әр істі сауапқа айналдыру. Біз кейде өзіміз ойлаған нәрселер жүзеге аспай жатса «неге» деген сұраққа тіреліп қаламыз. Әу баста тағдырымызда жазылған нәрсеге нәпсіміз «келіспей» жатады. Оны «келеңсіз» жағдай деп қабылдауымыз да мүмкін. Алайда таңдау – өз еркімізде. Біріншісі – «неге» деген сұрақпен шарқ ұрып, эмоция шығару, тағдырмен «келіспеу», сөйтіп, лағынеті шайтанға «көмектесу». Екіншісі – Алладан әр істің қайырын күту, өткінші қиындықты разылықпен қабылдау, «бұдан да жаманы болса қайтер едім» деген түсінікпен төзімділік танытып, шүкір ету.

Кез келген істің соңғы нәтижесін шексіз даналық иесі болған Алла Тағала анық біледі. Раббымыз: **«Қайдан білесіңдер, бәлкім Алла сендер ұнатпаған нәрсенің артын қайырлы қылып, көптеген жақсылыққа ұластыруды қалайтын шығар»** (*«Ниса» сүресі, 19-аят*) деген.

Аллаға иман келтірген кез келген мұсылманның түпкі арманы – жәннат нығметіне кенелу. Жаратушы Иеміз: **«Раббыларыңның кешіріміне, кеңдігі жер мен көктей болатын, тақуалар үшін әзірленген жәннатқа ұмтылыңдар»** (*«Әл-Имран», 133-аят*) деген.

Аллаға ұнамды кез келген амал адамды жәннатқа жетелеуі мүмкін. Раббымыз кеңдігі жер мен көктей болған жәннатқа жетелейтін амалдарды да Құранда айрықша атап өткен. Соның бірі – Аллаға көркем қарыз беру. Бұл жайында қасиетті кітабымызда: **«Кім Аллаға жақсы борыш (қарыз) береді? Алла муны ол үшін еселеп арттырады. Оған ең жоғары және абыройлы сауап бар»** (*«Хадид» сүресі, 11-аят*); **«…Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаға көңіл ризашылығымен борыш (ізгі қарыз) беріңдер. Өздерің үшін алдын ала (дүниеде жүргенде) қандай ізгілік әзірлесеңдер, Алла алдынан одан да қайырлы, одан да зор сый табасыңдар. Алладан кешірім сұраңдар, шүбәсіз, Алла тым кешірімді, ерекше мейірімді»** (*«Мүзәммил» сүресі, 20-аят*) деп баяндалған.

Бірде Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы бір қой сойған еді. Оның етін адамдарға таратып береді. Алла елшісі қой етінен қанша қалғанын сұрайды. Айша анамыз (оған Алла разы болсын): «Тек бір жауырыны қалды» деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ***«Жауырын сүйегінен басқасының бәрі біздікі болды десеңші!»*** дейді. Осы хадис тағылымын тарқатып айтар болсақ, асылында біз өзгелерге көмек беру ісінде ең әуелі өзіміз мұқтажбыз. Ашып айтқанда, алушыдан бұрын беруші мұқтаж. Өзгеге бергеніміз өзімізге еселеп қайтады. Құрбандыққа мал шалғанда ең семізін, ең жақсысын шалатынымыз сондықтан. Өзіміз жақсы көрген нәрсені Алла жолында жұмсамайынша, игілікке қол жеткізе алмайды екенбіз.

Алла Тағала Құранда өздері мұқтаж бола тұра пақырды тамақтандырған Әли мен Фатима анамыздың (оларға Алла разы болсын) амалын ерекше атап өтіп, ықыласпен жасаған ізгі істерінің қарымы ретінде есеп күнінің азабынан құтқарып, жүздеріне күлкі, жүректеріне қуаныш ұялатты. Бұл туралы Құранда: **«Өздері мұқтаж бола тұра тамақтарын пақырға, жетімге не тұтқынға береді және оларға: «Мұны сендерге Алла ризашылығы үшін береміз, сендерден ақы мен рахмет күтпейміз. Біз Раббымыздың қаһарлы, қайғылы күнінен қорқамыз» дейді. Алла да оларды сол күннің жамандығынан қорғайды. Жүзін жарық етіп, көңіліне қуаныш ұялатады»** (*«Инсан» сүресі 8-11 аяттар*).

Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Жәннатқа кіргендерге жаршы: «Сендер мұнда дендерің сау болып, ауырмайсыңдар. Мәңгі өмір сүріп, ауырмайсыңдар. Жас болып, қартаймайсыңдар. Әрдайым нығметте болып, жаманшылыққа ұшырамайсыңдар» деп жар салады»*** деген соң Алла Тағаланың мына аятын оқыды: **«...Оларға «Қысқа өмірде жасаған амалдарың арқылы қол жеткізген мирастарың осы – жәннат» делінеді»** (*«Ағраф» сүресі, 43-аят*).

Алла Тағала баршамызды осы өмірде жасаған қайырлы амалдарымыздың қарымы ретінде жәннатын нәсіп етіп, есеп күнінде жүзімізге күлкі, жүрегімізге қуаныш ұялатқай. Әмин!

**Қанат ҚЫДЫРМИН,**
**республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінің наиб имамы**

## СҰРАҚ-ЖАУАП




***Ең ауыр қайғылардың бірі – жақын туыстарының өлімі. Кім сондай қайғыға душар болса, сабыр етіп «Инна лилләһи уә инна иләйһи ражиғун» дұғасын айтса, үлкен сауапқа әрі биік дәрежелерге жетеді.***

Бұл туралы Құран Кәрімде: «Әлдебір қайғы-қасірет келе қалса: «Біз Алланың құзырындамыз. Барар жеріміз де соның алды», – дейді (сабырлылар). Раббыларының мейірімі түсіп, рақымына бөленуге лайықты жандар, міне, солар. Нағыз тура жолдағылар да – солар», – деп баяндалады (*«Бақара» сүресі, 156-157-аяттар*).

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Өлім – қорқыныш. Сендерден біреудің бауыры қайтыс болса, «Әлбетте, біз Аллаға тиесіліміз және Оған қайтушымыз. Расында, біз Раббымызға ораламыз. Уа, Алла! Марқұмды Өзіңнің құзырыңда жақсылардың қатарына қос! Кітабын көкке (ғиллийин) көтере гөр! Артында қалған отбасын аман алып қал! Бізді сауаптан мақрұм етпе! Бізді одан кейін қатты сынаққа алма!» деп айтсын»***, – деді (*Әл-адаб әл-исләмия, 236*).

Көңіл айту, мәйітті жерлеуге көмектесу, мейірім көрсету кәдімгідей уайым-қайғыны азайтады, қазаны шаттыққа ауыстырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Кімде-кім қайғылы адамға көңіл айтса, оған сол азаға берілген сауап мөлшерінде сауап беріледі»***, – деген (*Тирмизи*). Телефон және интернет арқылы ауызша айтып немесе жазбаша түрде хабарлама жіберіп көңіл айтуға болады. Өйткені көңіл айтудағы мақсат – азалы адамға өзінің сезімін, тілегін білдіру, оны жұбату, сабырға шақыру. Сондай-ақ азалы адамға бір рет көңіл айтқан болса, онда екінші рет айтудың қажеті жоқ (*Фәтауаи Һиндия, 1/228*).

Қаралы адамға «Алла марқұмды жарылқасын, күнәсін кешірсін, мейір-шапағатына алсын, сондай-ақ сізге сабырлық және сол арқылы сауапқа жетуді тілеймін» сияқты сөздермен көңіл айту мұстахаб саналады (*Фәтауаи Татархания, 1/620*). Ең жақсы көңіл айту үлгісі Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан мына сөздері: ***«Шынында, алғаны да Алланыкі, бергені де Оныкі. Оның құзырында әрбір нәрсенің ажалы (мерзімі) белгіленген»*** (*Бұхари*).

***Баспана – киім-кешек, құрал-сайман, көлік секілді адамның негізгі қажеттілігі. Біреулер ата-анасынан мұраға қалған үйге ие болады. Басқалары өз күшімен үй салу немесе дайын ақшаға үй сатып алу арқылы баспанаға қол жеткізеді. Қазіргі таңда несиеге немесе бөліп төлеу шартымен үй сатып алып жатқандардың саны көбеюде. Себебі қарапайым адамға үй сатып алу үшін қомақты соманы жинау оңай емес, сондай-ақ мемлекеттің тұрғын үй бағдарламалары халыққа тиімді әрі қолайлы болып тұр.***




Осы ретте Ислам дінінің өсіммен ақша алуға және беруге қатаң тыйым салғанын ескеру қажет. Құран Кәрімде: «Алла саудаға рұқсат бергенімен өсімқорлыққа тыйым салды», – делінген (*«Бақара» сүресі, 275-аят*). Демек, ипотека да тыйым салынған әрекетке жатады. Алайда көптеген Ислам елдерінде және зайырлы мемлекеттерде ипотеканың шариғат шартына сай келетін түрі де бар екенін біле жүргеніміз дұрыс.

Бүгінгі таңда Ислам ипотекасының үш түрі жұмыс істейді: ижара (кейін сатып алу үшін жалға беру), мурабаха (мерзімі ұзартылған сауда-саттық) және мушарака (кредитор мен клиенттің жылжымайтын мүлікке бірге иелік етіп, түскен табысты қақ бөлуі кезіндегі азаймалы үлес).

1) Мурабахада банк клиент үшін тұрғын үй сатып алады және оны төлем мерзімін ұзарту арқылы үстеме бағамен сатады. Қорытынды құны барлық мерзімге анық және белгіленген болып табылады. Бөліп төлеу арқылы клиент банктен үйді сатып алады.

2) Ижарада банк мүлікті сатып алып, клиентпен лизинг шартын жасайды. Лизинг мерзімінде мүлікке қатысты меншік құқығы және оны иемденуге байланысты барлық тәуекелдер банкке өтеді.

3) Мушаракада сатушы, клиент және банк үшжақты шартқа қол қояды. Түскен пайда алдын ала келісілген үлес бойынша тараптар арасында бөлінеді. Сонан соң клиент банктен өз үлесін бірте-бірте сатып ала бастайды. Жоғарыда айтып өткендей, Ислам ипотекасының басты ерекшелігі қарызға берілетін ақшаға пайыз емес, үстеме баға қосылады. Ол тауардың өзіндік құны мен оны сату құны арасында анықталады. Үстеме баға алдын ала келісіліп, ипотека толық төленіп біткенше сақталады. Сондай-ақ банк клиенттің серіктесіне айналады, сөйтіп тараптар тәуекелді тең бөліседі. Бұл жүйеде жылжымайтын мүлікті рәсімдеу және сатып алу шығындарын банк төлейді.

Ал коммерциялық банктерде ипотекалық несиелендіру кезінде заемшы өз қаражат есебінен тұрғын үйдің бастапқы жарнасын төлейді. Ал оның қалған сомасы банк тарапынан өтеледі және үй банкке кепіл ретінде рәсімделеді. Банк клиентке ақшаны пайызға береді. Сонымен қатар ай сайынғы борышы уақытылы төленбеген жағдайда үстеме ақы тағайындалады. Мұндай әрекет шариғат принциптеріне қайшы.

**muftyat.kz**

## ДҮЙСЕНБІ
## 30 ТАМЫЗ

**КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 «Күміс көмей». 7:00 «Сағындырған әндер-ай». Мерекелік концерт. 7:45 «Сандыбад: жеті теңіз аңызы». М/ф. 9:00 «Ата заң - алтын тұғыр». Мерекелік концерт. 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Ән мен әнші». 14:30 «Түлкі мен ит». М/ф. 15:50 «16 қыз». К/ф. 17:40 «АТА ЗАҢЫМ - АЙБАРЫМ!». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 Димаш Құдайбергеннің концерті. 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жаужүрек мың бала». К/ф. 1:30 «САНА». Ток-шоу. 2:35 «Ата заңым - айбарым!» Арнайы жоба.2:55 «Ата заң - алтын тұғыр». Мерекелік концерт. 4:05 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Күнделік. «Мерейлі отбасы». 10:15 Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Азат елім - айбыным» мерекелік концерті. 11:30 «Зәуре». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Алпыстан асып барамын». 16:00 «Братство десанта». 18:00 Мегахит. «Ускорение». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Бизнеске бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:30 Мерекелік концерт. «Ата заң-тәуелсіздік тірегі». 23:30 «Братство десанта». 1:15 «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 Арнайы репортаж. 15:15 Х/ф «Келинка Сабина». 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 «Үздік әндер». 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Хон Гиль Дон». 1:05 «Қош келдіңіз». 1:55 ASTANA TIMES. 2:25 «Біреудің есебінен». 3:10 «KazNet». 3:30 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 "БАСТЫ РӨЛДЕ". 07.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ". 08.50 "ӨМІР САБАҒЫ". 09.45 "АКИМ". 12.00 "ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА". 16.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.35 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 01.30 "НЕ ПАРА". 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 Х/ф «Эспен в поисках золотого замка». 11.00 Х/ф «Игра Эндера». 13.15 Х/ф «Гудбай мой бай-2». 15.15 «Q-елі». 16.10 «Где приземляются звезды». 17.30 Х/с «Гранд». 18.00 «Случайный кадр». 19.00 «Студия 7». 19.30 Х/с «Скорая помощь». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 Концерт Қуандық Рахым. 23.40 Жайдарман. 01.00 Х/ф «Человек ноября». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 «Ән шашу». 10.00 Деректі фильм. 10.30 Фильм-Детям. 12.20 Деректі фильм. 12.45 «Алаштың ардақтылары». 13.05 «Елдің адамы еді...» Ж. Ибаділдін. 13.35 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Фильм-детям. 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 18.55 «Праздничный концерт посвященный ко дню Конституции». 19.40 «Ата заң-айбыным». 20.00 «Сәлем». 20.30 Фильм. 23.00 Документальный фильм .

**31-АРНА**

06:00 Сериал «Саған сендім». 07:00 А/ф «Три Богатыря и Наследница престола». 09:50 А/ф «Три Богатыря и Прнцесса Египта». 10:30 КИНО «Стюарт Литтл 2». 11:30 Концерт М. Садвакасовой «Жұлдызым». 14:00 КИНО. «Джон уик 3». 17:00 Сериал «Журек жыры». 18:10 КИНО. «Маска Зорро». 21:00 КИНО. «Легенда о Зорро». 23:50 КИНО. «Обитель зла». 01:30 Кел, татуласайық! 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## СЕЙСЕНБІ
## 31 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «АЙДАҺАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ». М/х. 13:40 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «Қайсар жан». 15:20 «Másele». 16:00 «Замандастар». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPARAT. 20:40 Д/ф. 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 0:30 «САНА». Ток-шоу 1:35 AQPARAT. 2:15 «Теледәрігер». 3:10 «Másele». 3:55 «Қайсар жан».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 Күнделік. «Мерейлі отбасы». 10:45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Әбіш Кекілбаев. 11:30 «Зәуре». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Братство десанта». 18:00 Мегахит. «До встречи с тобой». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Хронограф 2021». 21:00 Итоги дня. 21:30 Концерт. Қайрат Баекенов «Махаббат». 23:30 «Братство десанта». 1:15 «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30»Қара ой». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Сүлеймен Сұлтан». 16:00 «Аладдин» т/х. 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Хон Гиль Дон». 1:05 «Қош келдіңіз». 1:55 ASTANA TIMES. 2:25 «Біреудің есебінен». 3:10 «KazNet». 3:30 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.00 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ". 09.20 "ӨМІР САБАҒЫ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ". 12.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 14.00 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 16.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.35 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 01.30 "НЕ ПАРА". 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Где приземляются звезды». 17.30 Х/с «Гранд». 18.00 «Случайный кадр». 19.00 «Студия 7». 19.30 Х/с «Скорая помощь». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Х/с «Гранд». 01.00 «Q-елі». 02.00 Профилактика.

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 Мультфильм. 08.35 Документальный фильм. 09.30 «Ән шашу». 10.00 Фильм-детям. 11.45 Деректі фильм. 12.15 «Праздничный концерт посвященный ко дню Конституции». 13.00 «Ата заң-айбыным». 13.20 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Әке серті». 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.15 Деректі фильм. 19.50 «Дәрігер кеңесі».20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар» .

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:40 Әзілдер күнделігі. 07:50 Сериал «Жүрек жыры». 09:00 «Иффет». 11:30 «Ананди». 12:30 КИНО. «Воссоединение семейки Адамс». 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 What's up?. 18:30 А/ф «Три Богатыря и Принцесса Египта». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Паутина лжи». 00:40 КИНО. «Обитель зла 2». 02:10 Кел, татуласайық! 04:00 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## СӘРСЕНБІ
## 1 ҚЫРКҮЙЕК

**БІЛІМ КҮНІ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «АЛТЫН ҰЯ». Арнайы жоба. 15:20 «Ұстазым, менің ұстазым!». Мерекелік концерт. 16:00 «Замандастар». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 0:30 «САНА». Ток-шоу 1:35 AQPARAT. 2:10 «Теледәрігер». 3:00 «Ashyq alań». 3:50 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. .

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 Күнделік. «Мерейлі отбасы». 10:45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Темірбек Жүргенов. 11:30 «Зәуре». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Братство десанта». 18:00 Мегахит. «Черные воды». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Индустрия». 21:00 Итоги дня. 21:30 Д/ф. «Бақытты бала». 21:45 Концерт. «Бақытты бала». 23:30 «Братство десанта». 1:15 «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Сүлеймен Сұлтан». 16:00 «Аладдин» т/х. 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Хон Гиль Дон». 1:05 «Қош келдіңіз». 1:55 ASTANA TIMES. 2:25 «Біреудің есебінен». 3:10 «KazNet» 3:30 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.00 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ". 09.20 "ӨМІР САБАҒЫ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ". 12.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 14.00 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 16.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.35 СПЕЦВЫПУСК. 22.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 00.00 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 01.50 "ОТРЕЧЕНИЕ". 02.35 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 03.20 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Где приземляются звезды». 17.30 Х/с «Гранд». 18.00 «Случайный кадр». 19.00 «Студия 7». 19.30 Х/с «Скорая помощь». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Х/с «Гранд». 00.30 «Анна-детектив». 01.30 «Q-елі». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 Деректі фильм. 10.45 Мультфильм. 11.30 «Ән шашу». 12.00 Т/х «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Дәрігер кеңесі». 14.10 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.15 Документальный фильм. 20.10 «Жадымда қалған жезді өңір». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:40 Информбюро. 07:50 Сериал «Жүрек жыры». 09:00 «Иффет». 11:30 «Ананди». 13:00 «Құзғын». 14:00 What's up?. 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 КИНО «Феномен 2». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Маска Зорро». 00:40 КИНО. «Легенда о Зорро». 02:50 Кел, татуласайық! 04:40 Әзіл студио .

## БЕЙСЕНБІ
## 2 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «Meniń Qazaqstanym». 15:25 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 16:00 «Замандастар». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 0:10 «PARASAT MAIDANY. 0:40 «САНА». 1:40 AQPARAT. 2:15 «Ashyq alań». 3:05 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 Күнделік. «Мерейлі отбасы». 10:45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Ә.Қастеев. 11:30 «Зәуре». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Братство десанта». 18:00 Мегахит. «Особо тяжкие преступления». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Концерт. Ержан Максим. 23:30 «Братство десанта». 1:15 «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Сүлеймен Сұлтан». 16:00 «Аладдин» т/х. 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Хон Гиль Дон». 1:05 «Қош келдіңіз». 1:55 ASTANA TIMES. 2:25 «Біреудің есебінен». 3:10 «KazNet». 3:30 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.00 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ". 09.20 "ӨМІР САБАҒЫ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ". 12.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 14.00 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 16.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.35 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ". 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Где приземляются звезды». 17.30 Х/с «Гранд». 18.00 «Случайный кадр». 19.00 «Студия 7». 19.30 Х/с «Скорая помощь». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Х/с «Гранд». 00.30 «Анна-детектив». 01.30 «Q-елі». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 Мультфильм. 10.35 «Ән шашу». 11.00 Документальный фильм. 12.00 Т/х «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жадымда қалған жезді өңір». 13.50 Мультфильм. 14.00 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.15 Деректі фильм. 19.45 «Жас time». 20.10 «Рухани жаңғыру». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.00 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:10 Сериал «Жүрек жыры». 09:20 «Иффет». 12:00 «Ананди». 13:00 «Құзғын». 14:00 What's up?. 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 КИНО. «Робинзоны из Беверли Хиллз». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Начни сначала». 01:40 КИНО. «Робинзоны из Беверли Хиллз». 01:50 Кел, татуласайық! 03:40 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## ЖҰМА
## 3 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN».10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «Тұлға». 15:30 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 16:00 «Замандастар». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 0:30 «САНА». Ток-шоу. 1:30 AQPARAT. 2:05 «Ashyq alań». 2:55 «Теледәрігер». 3:45 «Ғажайып өлке».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:30 Күнделік. «Мерейлі отбасы». 10:45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Нұркен Әбдіров. 11:30 «Зәуре». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Братство десанта». 18:00 Мегахит. «Часовой механизм». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы. 20:45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации. 21:00 Итоги дня. 21:30 Концерт. Тоқтар мен Бейбіт «Уақыт». 23:30 «Братство десанта». 1:15 . «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Сүлеймен Сұлтан». 16:00 «Аладдин» т/х. 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Кэ Бэк». 1:05 «Қош келдіңіз». 1:55 ASTANA TIMES. 2:25 «Біреудің есебінен». 3:10 «KazNet». 3:30 «Үздік әзілдер». 3:50»Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.00 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ". 09.20 "ӨМІР САБАҒЫ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ". 12.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ". 14.00 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ". 16.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "KTKweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.35 "СКАЖИ ПРАВДУ". 01.40 "ОТРЕЧЕНИЕ". 02.25 "KTKweb". 03.10 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.50-04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Орёл и решка». 17.10 Х/ф «Приличные люди». 19.00 «Студия 7». 19.30 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Шоу «Маска». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 Деректі фильм. 11.00 Мультфильм. 11.30 «Ән шашу». 12.00 Т/х «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жас time». 13.55 «Рухани жаңғыру». 14.15 «Ән шашу». 14.30 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.15 «Дәрігер кеңесі». 19.55 «Қонақ кәде». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар».

**31 АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:10 Сериал «Жүрек жыры». 09:20 «Иффет». 12:00 «Ананди». 13:00 «Құзғын». 14:00 What's up?. 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 КИНО «Начни сначала». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Притяжение». 00:40 «Ананди». 01:30 Кел, татуласайық! 03:20 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## СЕНБІ
## 4 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Ғасырлар үні». 7:15 AQPARAT. 7:50 «Сырлы сахна». 8:25 «СҰЛУЛЫҚ СЫРЫ». Д/ф. 9:15 «Ауыл жұлдыздары». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Әзіл әлемі». 13:40 «Шрек». М/ф. 15:00 «Ән мен әнші». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 «MÁSELE». 20:40 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Хатико» К/ф. 1:00 «Másele». 1:40 «Сырлы сахна». 2:05 «Ауылдастар». 2:30 «Ғасырлар үні». 3:15 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.

**ХАБАР**

6:00 Кел, шырқайық! 7:45 «Өзін-өзі тану». 8:00 «Чужое гнездо». 9:00 «Tangy fresh». 10:00 XXI ғасыр көшбасшысы. 11:00 «Әке бақыты». 12:00 Телехикая марафоны. «Няня аға». 16:00 Х/ф. «Кандагар». 18:00 Мегахит. База «Клейтон». 20:00 «Хит жазамыз». 21:00 «7 күн». 22:00 «Әсем әуен». 23:30 Х/ф. «Кандагар». 1:15 «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Кэ Бэк». 14:00 Х/ф «Рам и Лакхан». 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 Үздік әндер. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Кэ Бэк». 1:05 «Үздік әндер». 2:50 «Azil keshi». 4:20 Той жыры. 4:50 «KazNet». 5:10 «Үздік әзілдер». 5:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 "ҮЛКЕН ҮЙ-3". 07.40 "БАСТЫ РӨЛДЕ". 08.10 "КТК-да ҚАБАТОВ". 09.20 "ЮМОРИНА". 11.00 "СКАЖИ ПРАВДУ". 15.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 17.00 "Ф.И.Л.И.Н", остросюжетный детектив. 21.00 "СКАЖИ ПРАВДУ". 01.10 "ОТРЕЧЕНИЕ". 02.40 "АТАЛАР СӨЗІ". 03.20-04.20 "КТК-да ҚАБАТОВ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Япырай». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Регина+1». 12.00 «Орёл и решка». 13.00 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Барлау». 17.50 «Q-елі». 18.20 «Зың-зың Күлпәш». 20.00 Шоу «Маска». 23.00 «Jaidarman». 00.20 Х/ф «Терминатор 2: Судный день». 03.00 «Q-елі». 04.00 «Гу-гулет». 05.00 «Айна-online». 05.30 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 «Есіл мен Нұра егізім» Есжан Әміровтың ән кеші. 12.00 Т/х «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Дәрігер кеңесі». 14.10 «Қонақ кәде». 14.40 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Мультфильм. 16.25 Т/х 16.50 Көркем фильм. 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.15 Деректі фильм. 19.45 «Рухани қазына». 20.00 «Сәлем». 20.30 Фильм. 23.00 Документальный фильм.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:50 Әзілдер күнделігі. 07.30 Бауыржан шоу. 08:10 Информбюро. 09:15 Tennis show. 09:30 Готовим с Адель. 10:00 Тәтті шоу. 11:00 Док/фильм «Өмір Сахнасы». 11:40 А/ф «Полное погружение». 13:40 КИНО. «Зубная фея». 15:40 КИНО. «Притяжение». 18:20 КИНО. «Кикбоксер 2: Дорога назад». 20:00 КИНО. «Такси». 21:50 КИНО. «Обитель зла 3». 23:50 «Битва экстрасенсов». 02:00 Сериал «Ян Гуйфей». 02:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## ЖЕКСЕНБІ
## 5 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Tolaǵai». 7:35 «КҮМІС КӨМЕЙ». 8:25 «СҰЛУЛЫҚ СЫРЫ». Д/ф. 9:15 «Ауыл жұлдыздары». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Qazaqstan дауысы». 13:40 «Шрек». М/ф. 15:00 «Шрек 2». М/ф. 16:20 «Хатико» К/ф. 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 «АРТА». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:20 «ТРАНСФОРМЕРЛЕР:-БАМБЛБИ» К/ф. 1:25 «Арта». 2:15 «Күміс көмей». 3:00 «Ауылдастар». 3:25 «Parasat maıdany». 3:55 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.

**ХАБАР**

6:00 Кел, шырқайық! 7:45 «Самопознание». 8:00 «Чужое гнездо». 11:00 Телехикая марафоны. «Няня аға». 15:00 Телехикая марафоны. «Зәуре». 18:30 «Ән әлемі». 19:30 «Eco мекен». 20:30 «Мәжіліс. kz». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:00 «Семейные обстоятельства». 1:30 «Pro SPORT».

**АСТАНА**

6:00 Қаламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Үзілген моншақ». 12:00 «Қара ниет 2». 13:00 «Кэ Бэк». 14:30 Х/ф «Келинка Сабина 2» 17:30 «Тағдырым жазылған күн». 20:00 Үздік әндер. 20:45 Аялы алақан. 21:00 «Қара ниет 2». 22:10 «Үзілген моншақ». 23:35 «Кэ Бэк». 1:05 «Bas times». 2:15 «Үздік әндер». 3:40 «KazNet». 4:00 «Әзілстан» 4:20 «Ән мен әзіл». 5:20 «Үздік әзілдер».

**КТК**

07.05 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 07.50 "АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ", РОЗА ӘЛҚОЖАНЫҢ ӘН-ШАШУЫ. 09.30 "ЮМОРИНА". 11.50 "СКАЖИ ПРАВДУ". 16.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 18.00 "ШАНШАР". 21.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ". 22.00 "ПОХИЩЕННЫЙ". 00.00 "ОТРЕЧЕНИЕ". 02.20 "АТАЛАР СӨЗІ". 03.20-04.10 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Япырай». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Q-елі». 10.10 «Орёл и решка». 11.10 Х/ф «Приличные люди». 13.00 Х/ф «Замуж в 30». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 К/ф «Әкешім». 18.40 Концерт Қуандық Рахым. 19.50 «Jaidarman». 21.15 Х/ф «Механик». 23.00 «Разведка». 00.50 Х/ф «Замуж в 30». 02.50 К/ф «Әкешім». 05.15 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 Деректі фильм. 10.45 «Ән шашу». 11.20 Мультфильм. 11.50 Көркем фильм. 13.00 «Рухани қазына». 13.15 «Ән шашу». 13.30 Фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.10 Документальный фильм. 16.40 Фильм-Детям. 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.45 Мультфильм. 19.05 Деректі фильм. 19.40 «Тәулсіздік-алтын тұғырым». 20.00 «Сәлем». 20.30 Фильм. 23.30 «Ән шашу».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:30 Док/фильм «Өмір Сахнасы». 07:00 Тәтті шоу. 07:30 КИНО. «Зубная фея». 09:30 Готовим с Адель
10:00 Розыгрыш от «Halyk Bank». 10:05 Tennis show. 10:20 What's up?. 11:30 М/с «Аладдин». 12:20 М/с «Лило и Стич». 13.20 КИНО. «Такси». 15:20 КИНО. «Кикбоксер 2: Дорога назад». 17:20 КИНО. «Сердце дракона». 19:30 КИНО. «Авангард: Арктические волки». 21:30 КИНО. «Готика». 23:30 «Битва экстрасенсов». 01:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

# Тағамбай қажы ШАМБҰЛҰЛЫ

## АРДАҚТЫ АЗАМАТ, ҚИМАС ДОС



Жезді, Ұлытау өңірінің қадірлі қариясы, тіршілігінде құрметке, сыйға бөленген **Тағамбай қажы ШАМБҰЛҰЛЫ** 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Тағамбай қажы саналы ғұмырын Жезді, Ұлытау ауданының ауылшаруашылық саласына арнады. Ол басқарушылық дарыны бар, нағыз азамат еді. Жүгі ауыр міндеттер мен тапсырылған істерді ойдағыдай атқарып қоймай, білікті-білімді ұйымдастырушы, беделді басшы, ақылшы аға болатын.

Тіршілігінде үлкеннің де, кішінің де, жаттың да, жақынның да жүрегінен жол таба білді.

Тағамбай қажы осындай өзінің іскерлігі арқасында Жезді – Ұлытау ауданының Сарысу асыл тұқымды қой заводын, Қарсақбай совхозы және ауданның ауылшаруашылық техника мекемесі, аудандық атқару комитетінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, елдің құрметіне бөленді.

Еліміз егемендік алған тұста мұсылмандық жолына түсіп, Алланың парызы бес уақыт намазын оқып, қажылыққа барып, кейін ағасы Құрманның атынан да қажылық парызды өтеп қайтты.

Ол Жезді ауданынан құрметті зейнеткерлікке шығып, қазіргі нарық заманына сай шаруа қожалығын құрып, мал басын өсірумен айналысты. Тағамбай қажы мұқтаж жандарға көмек қолын созып, Жезді кентінде ел игілігі үшін мешіт тұрғызды. Бүгінде Тағамбай қажыны қайтпас сапарға шығарып сала отырып «Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді» дегендей атқарған істері ел есінде қалмақ. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, артында қалған ұрпағына Алла ғұмыр берсін! Еліне адал қызмет еткен Тағамбай қажыны Жезді – Ұлытау жұрты, замандастары ұмытпақ емес. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

**Қадыр қажы-Зүбайра, Қабдырахман, Мырзаахмет, Ережеп-Сарқыт, Жақыпбек-Күлпаш, Совет Құлахметов, Өте-Гүлсім.**

# ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ХАБАРЛАЙДЫ

## ҚҰРМЕТТІ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР!

***Қарағанды облысы бойынша экология департаменті санаттарды анықтауға өтініш беру мерзімі ұзартылғанын хабарлайды.***

ҚР 2021 жылғы 2 қаңтардағы ЭК 418-бабының 3-тармағына сәйкес 2021 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген объектілердің немесе 2021 жылғы 1 шілдеге дейін өздеріне қатысты мемлекеттік экологиялық сараптаманың немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындылары берілген, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес арнайы табиғат пайдалану субъектілері болып танылған, пайдалануға берілмеген объектілердің операторлары тиісті объектілерді осы Кодекстің ережелеріне сәйкес I, II, III және IV санаттарға жатқызу мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өтініш беруге міндетті екендігін еске саламыз.

Объектілерді санаттарға жатқызу үшін өтініш беру үдерісін жеңілдету және жеделдету үшін Бірыңғай экологиялық портал әзірленді - http://ecogov.kz. БЭП операторы ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК болып табылады.

Бірыңғай экологиялық порталдың байланыс орталығы: тел.: **8 (7172) 24 81 74, 8 (7172) 24 83 45, 8 (7172) 24 83 48, 8 775 826 72 29**.

https://www.instagram.com/p/CRGvRyEJmTD/?utm_medium=share_sheet

Бейне нұсқаулық:

1. https://www.youtube.com/watch?v=qx9BFe6kDuU
2. https://youtu.be/-AccQ84hT3I

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес экологиялық заңнама талаптарын орындамағаны үшін жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға орта кәсіпкерлік субъектілеріне және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл қарастырылғанын қосымша еске саламыз.

# ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Қадыр Саттығұл Қадырұлына жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен (көп балалы отбасы) берілген жол жүру билеті жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады**.

---

Әріптесіміз Абдолла Дастановқа, балаларына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Алла сабыр мен төзім берсін. Марқұмның иманы саламат болсын.

**Сәуле Нүрекенова, Райхан Серікбаева, Гүлбаршын Ахтамберлина**
Қарағанды қаласы.

---

Аймақтық «Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері белгілі журналист Абдолла Дастановқа зайыбы

**ДАРИҒАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

---

Аймақтық «Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы, ардагерлері денсаулық сақтау саласының үздігі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы

**Дүйсенбай АХМЕТОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, жақындарына көңіл айтады.

---

«Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы аймағымыздың қадірлі ақсақалы, оқырманымыз

**Тағамбай қажы ШАМБҰЛОВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Директор – бас редактор**
**Нұрлан Бақытұлы ИСМАИЛОВ**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакциясының өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс № 33. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

(А) – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

29 ТАМЫЗ – ШАХТЕР КҮНІ

# ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

***Ел экономикасының негізгі тірегінің біріне айналған мыс өндірісі десек, осынау қиын да күрделі саланы ұршықша иіріп, тасын өрге домалатқан жезқазғандық кеншілер еңбегі тіптен орасан зор. Білек күшімен қатар жүрек күшін де қажет ететін әлемдегі ең қиын мамандықтардың алғашқы легінен орын алатын кенші кәсібін жүрек қалауымен таңдап осы кәсіптен тапқан әкелі-балалы Жасұлан мен Азамат ЖҮСІПОВТЕРГЕ ел қызыға көз тастап, олардан үлгі алады.***



Жасұлан Жүсіповтің кенші болып еңбек еткеніне отыз жылдан асты. 1967 жылы дүниеге келген ол 1985 жылы мектеп қабырғасын аяқтап, мысты шаһардағы тау-кен техникумына оқуға түсті. Дегенмен кеңестік жүйедегі қатал режим айдарынан жел ескен жас жігітті Отан алдындағы борышын өтеуге алып кетті. Екі жыл әскери міндетін абыроймен атқарып келген Жасұлан Нүриденұлы техникумдағы оқуын тоқтаған жерінен жалғастырмаққа бел байлайды. Еңбекке араласып үлгерген ол сырттай бөлімге ауысып алады.

Ағамыздың кеншілер айдынына алғашқы қадамы 1988 жылдан басталды. Қаламыздағы тау-кен, металлургия комбинатына жұмысқа қабылданып, шахта жұмысымен танысты. Алдыңғы буын ағаларынан бұл саланың қыр-сырын үйренді, жұмыс барысын меңгерді. Қиындығы мол болса да алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезі мен екінің бірінде жоқ ерік-жігерін жанып, майданға бергісіз еңбек алаңынан қашуды жөн көрмеген ол араға бір жыл салып, туған жері Жезді шахтасына бағыт алды.

Аталған кен ордасындағы алты жылдық маңдай тер еңбегінен кейін бұл жер жабылуына байланыста Жезқазғанға оралған Жасұлан Жүсіпов «Қазақмыс» корпорациясы деген жаңа атты иеленіп жатқан үлкен ұжымның мүшесі атанды. Бұл аты дүйім жұртқа белгілі корпорацияның қайтадан құрылып жатқан кезеңі еді.

Жасұлан Нүриденұлы бүгінде жер астындағы № 67 батыс Жезқазған кеніші 8-учаскесінде адал еңбегі нәтижесінде ұжымда марапат биігінен көрініп, жұртшылық қошеметіне бөленген оны жерлестері мақтан етеді. 50 тонналық «AD-CAT» самосвалының көмегімен табылған мыс кенін арнайы қабылдау орындарына жеткізетін кенші ізбасары Азаматты да артынан ерткенді жөн санаған.

Әке салған сара жолмен жүріп, әулеттегі кеншілер шежіресін жалғастыруды жөн санаған Азамат Жүсіпов те кенші мамандығын меңгерген. 1992 жылы дүние есігін ашқан Азамат – Жезқазған политехникалық колледжінің түлегі. Ол арғы атасы, көпке белгілі құрметті металлург Мұзаппар Жүсіповтің өмір жолын үлгі етеді. Қарсақбай мыс зауыты ашылғаннан күннен бастап, осынау қасиет түнған мекеннің кезекті тарихын жалғастырып, аянбай еңбек еткен бабасының ерлікке бергісіз еңбегіне қарап таң-тамаша болады. Осындай сәттерде бойын ерекше сезім билеп, төбесі көкке екі елі жетпей қалғандай күй кешеді ол. Атасының құрметіне берілген көшемен жүрген сайын оның әруағына тағзым етіп, іштей баба аманатына адал болуға, оның атына кір келтірмеуге тырысып бағады.

Азамат Жасұланұлының атасы Нүриден де жер асты кенішінде еңбек етті. Бүгінде атасының, әкесінің, үлкен ағасының және өзінің кеншілік еңбек жолын қосқанда сексен жылдан аса уақытты қамтиды екен. Бүгінде өзі де екі баланың әкесі атанып отырған Азамат өз ұрпағының да шежіре жолын жалғастырып, тағылымды отбасының мерейін асыра бергенін, кеншілер буыны жасай беруін шын жүрегімен тілейді.

Сонау 1948 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан кеншілер мерекесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен тамыз айының соңғы жексенбісінен орын алған болатын. Аймақ жұрты асыға күтетін кәсіби мерекеде әкелі-балалы Жүсіповтер барлық кеншілер қауымын төл мерекесімен құттықтап, зор денсаулық, мұқалмас қайрат және еңбекте толағай табыс тіледі.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

МЕРЕЙ

# ҮЛКЕН ЖҮРЕК ИЕСІ

***Редакцияға телефон шалған Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева әріптесі Бақытгүл ӨМІРТАЕВАНЫ осы үш-ақ сөзбен сипатап берді. Біз де өз кезегімізде саналы ғұмырын адамдарға қамқорлық танытып, оларға көмек қолын созуға арнаған әлеуметтік сала қызметкерімен кездесуге асықтық.***

Әлсізге күш беретін, мүмкіндігі шектеулі жанға жағдай жасауды абыройлы іс көретін, ешкімнің қайғысына көз жұма қарамайтын, жүрегі мейірімге, жүзі жылылыққа толы Бақытгүл Төлеутайқызы 1961 жылдың тамызында Жаңаарқа ауданына қарасты Қызылжар стансасында теміржолшының отбасында дүниеге келді. Тоғыз құрсақ көтерген батыр ана Седімет пен адал еңбекті бәрінен жоғары қойған әкесі Төлеутай балаларының білім алуына баса назар аударғанның арқасында ұл-қыздары жоғары оқу орындарын тәмамдап, бір-бір маман иесі атанды. Бүгінгі кейіпкеріміз Жезқазған педагогикалық институтының физика-математика факультетінде білім алған. Алғашқыда еңбек жолын №2 мектеп-интернатында тәрбиеші ретінде бастаған Бақытгүл апай жаңадан ашылған қазақ-орыс тілді №9 орта мектепте үш жылдай ұстаздық қызмет етті. 1985 жылдың күзінде облыстық зейнетақы мен жәрдемақы есептеу және төлеу орталығына инспектор болып ауысты. Міне, сол жылдан бері ол әлеуметтік салада табан аудармастан абыройлы еңбек етіп келе жатыр. Бүгінде еңбегінің зейнетін көрер шаққа жетсе-дағы басшылық пен әріптестері одан ажырағысы жоқ. Өйткені, ол – өз ісінің білгірі.

Зейнетақы мен жәрдемақы есептеу және төлеу орталығында облыстың 12 ауданынан келген іс-қағаздарды реттеп, әр жәрдемақы алушы мен зейнеткерге дербес шот ашып, жәрдемақы мен зейнетақыны есептеп, поштаға жіберіп отырған. Күніне 100 іске дейін қараған күндері болған Бақытгүл Өміртаева Жезқазған қаласы мен Ақадыр ауданына жетекшілік етті. Анарқұлов, Пушкин мен Жастар көшесінде орналасқан пошта бөлімшелеріне барып, ревизия жасау да оның тікелей міндеті еді. Етекке оралған бала-шағасының барына қарамастан үйде де, түзде де ісін шеберлікпен дөңгелеткен Бақытгүл апай облыстық орталық жабылған 1992 жылы халыққа әлеуметтік қызмет көрсету бөліміне ауыстырылды. Бірден оған қарттар мен мүгедектерге үйден қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі лауазымын ұсынылды. Қоластындағы 18 әлеуметтік қызметкермен бірге қамкөңіл жандардың бабын тауып, өмір сүруге деген құлшынысын оята білген меңгеруші көп уақыт өтпей халыққа әлеуметтік қызмет көрсету бөлімі аппаратына шақырту алады. Мұнда да оған ең жауапты шаруа жүктелді. Жезқазған қаласына қарасты барлық ауылдар мен қыстақтағы зейнеткерлер мен әлжуаз топтағы тұрғындарымен қоян-қолтық жұмыс жасап, мемлекеттен қолдау көруіне септесті.



Салаларға компьютерлік технология енгізілген 1993 жылы бөлімдегі мамандардың алды болып компьютерде жұмыс жасауды үйреніп, Жезқазған қаласы бойынша «Аманат СП» құжаттар базасын қалыптастырды. Ол кезді Бақытгүл Төлеутайқызы: «Жезқазған қаласындағы зейнеткерлер мен әлеуметтік қолдауға ие топтағы азаматтардың құжаттарын бірыңғай базаға енгізуге небәрі 1 ай уақыт берілді. Бұл жұмысқа алты маман жұмылдырылды. Бізге берілгені үш компьютер. Екі ауысымда жұмыс жасадық. Таңғы сегізде отырған бізді кешкі сегізде келген әріптестеріміз алмастыратын», – деп еске алады бүгінде.

Қазіргі таңда Шәміл Нұрбек жетекшілік ететін ардагерлер мен мүгедектер және құқықтық жұмыс секторында еңбек етіп жүрген Бақытгүл апай қараусыз қалған қариялар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын саралап, оларды қарттар үйіне, бейімдеу орталығына орналастырудың қамымен жүреді. Сонымен бірге, түзету мекемелерінде жазасын өтеп келгендерді жұмысқа орналастыру, есепке алу жұмыстарын жүргізеді.

Әлеуметтік салада еңбек ету темірдей төзім мен салқын сабырды талап етеді. Бұл – әрине, үлкен жүрек иесіне ғана тән қасиет. Бақытгүл Өміртаеваның бойынан осындай қасиеттің барын бірден аңғардық. Оның жүзінен қайырымдылық пен қамқорлықтың самалы есіп тұр. Өз қарауындағы әрбір жанға қашанда жан жылуын сыйлауға әзір тұратын оның мейірімінің арқасында бүгінде өмірлік ауыр жағдайда қалған көптеген адам қиындықтарын еңсеріп келеді. Бақытгүл Төлеутайқызы үшін еңбегінің ең басты өлшемі – өзі қызмет көрсететін қарттардың ризашылығын алу. Осы күнге дейін көптің алғысына бөленіп келе жатқан әлеуметтік саланың қызметкері жұмысында абыройлы маман болса, отбасында ардақты да асыл ана. Шаршауды білмей, күні-түні балаларының жарқын болашағы үшін бел жазбай еңбек еткен Бақытгүл апай ұлдары Мақсат пен Саясатты, қызғалдағы Гүлденді тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, әкенің жоқтығын сездірмей өсірді. «Адамды адал еңбек өсіреді» дегенді бала күннен құлағына құйып өскен балаларының біреуі – «Шұбаркөл көмір» АҚ шебер, екіншісі – «Қазақстан Теміржолы» АҚ машинист. Гүлден – жеке кәсібін ашып, бір әулеттің түтінін түзу шығарып отырған ибалы келін.

Абыройлы жан еңбегінің жемісі ретінде бірнеше мәрте қала, облыс әкімінің Алғысы мен Құрмет грамоталармен марапатталып, «Жезқазған қаласына 65 жыл» мерекелік медалін де кеудесіне тақты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

***Ел еңсесін тіктеген шақтан бері мемлекет гүлденіп, дамып келеді. Қарқынды құрылысы, озық технологиясы, даму тенденциясы – алпауыт мемлекеттермен тепе-тең түспесе, кем емес. Тәуелсіздіктің 30 жылында өркениетті мемлекеттермен терезесі теңескен Қазақстанның иек артары – өскелең ұрпақ. Бүгінде Тәуелсіздіктің таңымен бірге дүниеге келген сәби ел тұтқасын ұстар, орда бұзар жасқа жетті. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтан тұтып, туған жер өркендеуіне үлес қосуды перзенттік парызы санайтын Тәуелсіздік құрдастарының қатарында Мағжан ЖҮГІНІС те бар.***



– Менің Тәуелсіздікке бергеннен алғаным көп. Ең бастысы ата-анам мені бейбітшілік заманда дүниеге әкелді. Мен Тәуелсіздіктің жарқыраған таңында жарық дүниенің есігін ашқаным үшін бақытты ұрпақ екенімді түсінемін. Аллаға шүкір, бүгінгінің ұрпағында «не ішемін»?, «не киемін?», «қайда оқимын?», «жұмысты қалай табамын?» деген мәселе жоқ. Өйткені, бізге демократиялық қоғамда барлық жағдай жасалып отыр, – деген Мағжан Арғынғазыұлы сан ғасырлар бойы егемендікті аңсап өткен қазақ халқына еркіндік ата-бабаның қанымен келгенін жақсы біледі. Көп халықтың басына бұйырмаған бақытты қолда мықтап ұстап қалу үшін көп тер төгу қажетін де түсінеді. Және өзі осы бағыттан таймай келеді.

Мағжан Жүгініс 1998 жылы Ұлытау ауданына қарасты Қоскөл ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттаған. 7-сыныпты ойдағыдай аяқтаған соң оны ата-анасы білімін тереңдету мақсатында Жезқазған қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейіне ауыстырады. Мектеп-лицейдің түлегі болашақ мамандығын таңдауда қателеспеді. Бүгінде өзі таңдаған теміржолшы мамандығымен Жезқазған-Бейнеу теміржол желісінің Қоскөл стансасында абыройлы еңбек етіп келеді. Жары Төлеукүлмен бірге екі қыз тәрбиелеп отырған Мағжан өнерден де кенде емес. Қолына қалам алып өңірдегі мерзімді басылымдарға мақала жазады. Өннен шашу шашып, қызық-қуаныштарды басқарады

***Халқымыздың басына жаң шуақты күн арайын төгіп, тарих жадынамасына Қазақстан Республикасы атты Тәуелсіз, жас, жасампаз мемлекет қосылған жылы өмірге келген Аякөз ӘЛКЕНОВА да отыз жылдық уақыт шеңберінде Абайша айтқанша дүниеге кірпіш болып қалану жолында тайсалмай еңбектеніп келеді. Бала күнінен оқуда алда, қоғамдық жұмыстарда да белсенді болған ару қиын да күрделі ұстаздық жолды таңдаған. Дегенмен Ыбырай, Ахметтер салған ізге ергеніне ешқашан да өкінген емес. Себебі ол өз кәсібінен жанына рухани азық, жүрегіне тыныштық табады.***

Аякөз мысты шаһардағы № 21 орта мектепті тәмамдағаннан кейін Жезқазған гуманитарлық колледжіне ағылшын тілі мамандығына оқуға түсті. Білімге тоймаған бойжеткен одан әрі Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне оқуға түсіп, жоғары білімді маман атанды.

Еңбек жолын іс-қағаздарын жүргізуші болып бастаған ол түрлі білім ордаларында еңбек етті. Бүгінгі қоғам үшін ағылшын тілін білу аса маңызды. Халықаралық қатынастар тілі саналатын ағылшын тілінің мұғалімі бола жүріп, түрлі білім бәйгелеріне қатысып, жүлделі орындардың иесі атанды. Топжарған шәкірттері де ұстаз мерейін тасытып, мәртебесін арттырды.

2014-2021 жылдар аралығында №1 орта мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Талаптылығымен көзге түскен 2021 жылы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып та тәжірибе жинақтап үлгерді. Бүгінгі мезетте қалалық білім бөлімінде ағылшын



тілі пәнінің әдіскері болып еңбек етіп жүрген Аякөз Әлкенованың жетер жетістіктері әлі де мол екені күмәнсіз.

Осынау көпке бұйырмас арда қасиеттерді бойына жинаған Тәуелсіздіктің құрдастары еліміздің еңселі ертеңі үшін ерінбей, адалдық жолынан айнымай қызмет ете беретініне сенім мол.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# ПСИХОСОМАТИКА: ЖАН КҮЙЗЕЛІСІНІҢ КӨРІНІСІ

Адамның ойы оның денсаулығына тікелей әсер етеді. Аталған тұжырым 1818 жылы неміс ғалымы Иоганн Христиан Хайнроттың зерттеуінде алғаш рет кезіккен. Ол адам миын зерттей жүріп ғылымға психосоматика атты жаңа термин енгізді. Ғалымның пікірін одан әрі Зигмунд Фрейд, Йозеф Брейер сынды әйгілі психолог мамандар жетілдірген. Сонымен психосоматика дегеніміз қандай ғылым? Оны психологияда адам бойындағы ішкі ауруларға әсер ету деп түсіндіреді. Адам ағзасындағы күйзелісті қабылдау реакциясының әсерінен асқынатын аурудың бастапқы белгілері бойымыздағы психологиялық ауытқулар, уайымдау, шаршау, жалығу, ренжу сынды жағымсыз қасиеттерден туындайды. Соның салдарынан алғашында мойын ауруы, бас немесе асқазан, бас айналу, құсу, әлсіздік пайда болса, оның соңы күрделі немесе дауасыз derттерге ұшыратуы бек мүмкін.

Психосоматикаға сәйкес адам жанын жегідей жеген ішкі ойы ауру түрінде оның бойындағы ең осал жеріне шабуыл жасайды. Күнделікті өмірде басы жиі ауыратын, дегенмен қаншама рет дәрігерге барып толық тексерістен өткенімен, себебін анықтай алмай жүрген жандар көп. Не болмаса, бала көтеруге қауқарлы, еш тосқауыл жоқ әйелдердің өзі неліктен жүкті бола алмай жүргенін біле алмай дел-сал болады. Ер адамдар арасында да асқазаны мазалағанымен, оның неге ауыратынынан өзі де, дәрігер маман да бейхабар болып жүргендердің қарасы мол екені рас. Міне, осылардың себебіне тереңінен үңіліп, кеңінен таркату – психосоматиканың еншісіндегі жұмыс.

Психосоматик ғалымдардың пікірінше, адамдар өз ойының нәтижесін қалыптастырады. Көпшілік қауым адам ойы ғарышпен байланыста болатынына сенеді. Не ойласаң, соның міндетті түрде орындалып, ақиқатқа айналатынын біраз жұрттың қоштайтыны да жасырын емес. Осы тұста мамандар әрдайым жақсы жағдайларды ойлап, қуанып, күліп, жүрегіңіздегі өзіңізге, өзгелерге деген ашу-ыза, өкпе-ренішті ұмытуға тырысу қажетін алға тартады.

Психосоматика ғылымының медицинаның бір бөлігі екеніне әлем халқының көзін жеткізіп, сендірген жан – жазушы Луиза Хей. 30-дан аса психосоматикалық еңбектердің авторы саналатын ол өгей әкесінен зәбір көріп өседі. Кейіннен үйінен қашып, аяғы ауырлаған ол, баласын өзге адамдардың қолына табыстауға мәжбүр болады. Оның көз тартарлық сырт-келбеті сәнгерлік салаға бет бұруына себеп болды. Өмірі енді оңала бастағанда аты жаман ауруға шалдығып, көп ғұмыры қалмағанын естиді. Өлер алдында өзі ренжіген және оны ренжіткен барлық адамдармен кездесіп, олармен татуласуды мақсат етеді. Баяғыда тастап кеткен баласымен қауышады. Осылайша көп жылдардан бері ішін жайлаған қайғы-мұң, өкпе-ренішін, араздығын ұмытуға талпынып, өмірінде зиянын тигізген барлық жандарды кешіруге шешім қабылдайды. Өз дегенін орындаған ол кезекті дәрігер тексерісіне барғанда мидағы қатерлі ісіктің өз-өзінен жойылып кеткенін біледі. Бұған көзі жеткен дәрігерлер де аң-таң болып, қайран қалған.

Сол жағдайдан кейін адам баласындағы барлық ауру-сырқау оның ішкі ойы, көпжылдық сезімдері арқылы пайда болатынына арналған авторлық кітабын жазып шығарды.

Луизаның зерттеуімен жазылған психосоматикалық кітаптардағы мағлұматтармен біз де жіті танысқанды жөн көрдік. Солардың бірқатарын сіздердің назарларыңызға ұсынғанды жөн санадық.

Оның сөзінше, әйелдер ауруларының көбі өз-өзіне көңіл толмаушылықтан пайда болады. Тамақ ауруың да салмақты себебі бар. Ол ішіңізде айтқыңыз келген бір былапыт сөзді сақтап жүргеніңізден орын алады екен. Адам баласы бойында қорқыныш туындап, барлық мүмкіндіктер жолы жабылғандай болған сәттерде ішек түйіліп, соңы соқырішекке әкеліп соқтырады.

Ерінге шыққан ұшықтың өзі бәрін теріс істеуге талпыну, оқиғаның соңы қайғымен бітеді деп ойлағанда көрініс береді екен. Өткен күндердегі жағымсыз оқиғалар мен естеліктерді ұмытпау салдарынан іш қату жиі мазалайтын көрінеді. Қорқыныш, жауапкершіліктен қашу жағдайларында, керісінше, іш өтуі жиілейтін көрінеді. Сондай-ақ адам өзін неғұрлым ұсқынсыз санаған сайын оның бетіндегі тері аурулары да өрши түседі.

Айта берсек, Луиза Хей тізген аурулардың психосоматикалық себептері тым көп. Ол жалпы адам бойындағы аурулардың алдын алу үшін ойыңызды тазартуға,ешкімге ренжімеуге, өкпені ұзақ уақыт іште сақтамауға, керісінше, ойыңызды ашық айтуға, жақсы көруге кеңес береді.

**Ай СҮГІР**

